

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

3/2014 НАУРЫЗ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Бас редактор бағдаршамы</i>	
Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.	Наурыз жылында мемлекеттік тіл бағын жандырайық.....3
<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Мендібай ӘБІЛҰЛЫ.	Ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиеті.....11
Ғалия ШӘРІПЖАНОВА.	Студенттердің техникалық мәтіндер бойынша қысқаша хабарлама жасау дағдыларын қалыптастыру.....19
Мауле ҚҰМБАСОВА.	Оқу техникасын жетілдіру жолдары.....24
Мереке ӘБДИҒАЛИЕВА.	Мақал-мәтелдерді сабақта қолдану арқылы оқушының сөйлеу тілін қалыптастыру.....32
Қазбек ӘБЕНОВ.	Талантты және дарынды балаларды анықтау.....38
<i>Ұлыстың ұлы күні</i>	
Лаура ҚИЗАТҚЫЗЫ.	Қош келдің, Наурыз!.....41
Шарбан САПАРҒАЛИҚЫЗЫ.	Етістіктің райларын, есімше мен көсемшені қайталанған наурыз мейрамы.....52
Файза АҚАТАЕВА.	Наурыз – жыл басы.....56
Әсия ИБРАЕВА.	«Наурыз – көктем» зияткерлік сайысы.....61
<i>Оқулық тағдыры ойлантады</i>	
Гүлбану ЖҮНИСОВА.	Мемлекеттік тілдің орыс мектебі оқулықтарындағы көрінісі.....66
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Айжан ИБРАЕВА.	Ана – намыс пен адамгершілікті, асылдық пен ұлылықтың бейнесі.....70
Мейрам ӘБІЛОВ.	Махамбет – батыр ақын.....77
Әсем КАПЕНОВА.	Жұмбақтар.....82
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Айжан ӘЛІБЕКОВА.	Сөйлеу қабілетін дамытатын дүкендер.....88
Күлжамал НҰРАХМЕТОВА.	Лексикадан өткен ережелер негізінде талдау жұмысын жүргізу.....94
Айнұр СҰРАУОВА.	Астана қаласындағы көмекші есімдер.....98
Орал МАҒОПАРҚЫЗЫ.	Салалас құрмалас сөйлем.....102
Дария ДӘУІТҚАҢҚЫЗЫ.	Фонетика мен Отан.....110
<i>Тіл дамыту жолдары</i>	
Гүлнара ЖАХАЕВА.	Факультатив сабақтар.....121
<i>Сыныптан тыс шара</i>	
Гүлжан ЛЕКЕРОВА.	Бабалар арманы.....130
<i>Классный час</i>	
Гульназ ТУРСЫНОВА.	Республика Казахстан – одна страна, одна земля, одна судьба.....140

Бас редактор бағдаршамы

Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ,
бас редактор.

НАУРЫЗ ЖЫЛЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БАҒЫН ЖАНДЫРАЙЫҚ

Қадірлі ұстаздар мен ғалымдар, мемлекеттік тіл жанашырлары! Өздеріңіз жақсы білесіздер, екі айда бір рет жарық дүниеге келетін республикалық ғылыми-педагогикалық басылым – «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде – Казахский язык и литература в русской школе» журналы 2001 жылдың ақпан айының соңғы күндерінің бірінде жарық көрді. Әдістемелік және психологиялық бағыттағы мақалалар «педагогикалық» ұғымының саясында күні бүгінге дейін өмір сүріп келеді. Қазақ халқының тағдыры тәрізді небір бұралаң, «тар жол, тайғақ кешуді» басынан өткізіп келе жатқан бұл басылым әуелі 64 бет болып өмірге келсе (бет пішіні: 84*108 1/32), кейін, әуелі, Құдай, содан соң мұғалімдердің журналға жазылуының арқасында 144 бетке жетіп, ұялмайтын биікке көтерілді. Алланың мұнысына да шүкір!

Журнал ақынның:

«Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,

Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.

Қандай елде жүрсең де бұл, дұрысы –

Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар!» - деген ізгі өтінішімен ашылыпты. Сол өтініш сол күйінде, әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ, қайта, керісінше, күн өткен сайын маңызы арта түсуде.

Осы өте маңызды, мемлекеттік деңгейдегі тым өткір, күрделі мәселеге байланысты кезінде әдемі де әділ үн қосқан Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Игорь Николаевич Нечаевтың «Ана тілі» газетінде (№3, қаңтардың 18-і, Ұлу жылы, 2000) «Мектепте дұрыс оқытпайды» тақырыбымен жарияланған шағын мақаласында айтылған орынды ойлары мен сын-ескертпелері әлі жөнделмеген, қабырғанды қатты қайыстырып, әлсіздігінің алдында мүсәпір күй кешесің. Ол кісі онда былай дейді: «...Екіншіден, мектептерде мемлекеттік тілдің оқытылу деңгейін күшейту керек. Қазір балалар қазақ тілін ағылшын тілінен нашар игереді, мектеп бітіргенде қазақша 2-3 ауыз сөздің басын құрай алмай шығады. Менің немере қызым да – мектеп оқушысы. Сондықтан білемін: қазақ тілі сабағында жеңіл-желпі аударма секілді тапсырмалар орындаумен шектеледі. Балалар солардың өзіне бас қатырғылары келмей, бір-бірінен көшіріп алып жатады. Өйткені қатаң талап жоқ.

Мектеп бағдарламасына қатысты менің ұсынысым: қазақ тілі пәніне үлкен көңіл бөлінсін. Орысша қойыртпақтамай, таза қазақша сөйлейтін ашық сабақтар ұйымдастырылсын. Жоғары сыныптарда

қазақ тілінен тәжірибелік жұмыстар өткізілсін. Мекемелерде тегін оқытатын қазақ тілі курстары жұмыс істесін».

Сырт көз – әрқашан да сыншы. Игорь Николаевичтің ащы суы сорғалаған шындығы көп мәселенің бетін ашып отыр. Біріншіден, тіл үйренуге қойылатын талап барлық ұлт өкілдеріне бірдей. Бір тілден екінші тілдің артықшылығы болмауға тиіс. Мемлекеттік заң – бәріне ортақ міндет. Қалайсыз ба әлде қаламайсыз ба, ол – өз шаруаңыз, алайда Қазақстан Республикасында өмір сүргендіктен мемлекеттік тілді үйреніп, сол тілде қарым-қатынас жасауға және сөйлеуге міндеттісіз, сонымен бірге, ол – Сіздің азаматтық борышыңыз.

Егер бұл талап ұнамаса, өзгелерге көлеңкеңізді түсірмей, дұрыс тіршілік ететін жерге күні бұрын барып жайғасыңыз. Сонда ғана құда да тыныш, құдағи да тыныш мамыражай заман орнайды.

Екіншіден, «Балалар қазақ тілін ағылшын тілінен неге нашар игереді?» деген сауал астарына жете мән берсек, біраз жұмбақ сыры ашылады. Ең алдымен, мұғалім, мектеп басшылары тарапынан қойылатын талап өте төмен деңгейде. Содан кейін, ең бастысы да – осы, мемлекеттік тіл – қазақ тіліне деген сұраныс – жоқтың қасы. Идеология жұмысы мүлде жүргізілмейді. Елдің бәрі ағылшын тілін үйреніп, не АҚШ-қа, не Англияға немесе басқа сырт елге көшіп кетпейді. Көшіп кетсе, өзінің ана тілінен, әдебиеті мен мәдениетінен, тарихынан, салт-дәстүрінен және

тағы басқа құндылықтарынан безінгендер, бойында ұлттық рухы өшкен намыссыз пақырлар ғана табанын жалтыратып, тайып тұрады. Мұндайлар жанталасып, ағылшын тілін ақы төлеп үйренеді. Сондықтан мемлекеттік тілді заң жүзінде міндеттеп оқыту – күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе. Ал, ағылшын тілін немесе қытай тілін, тіпті, болмаса, араб тілін керек еткендер уақыты жетпей жатса, материалдық жағдайы, тұрмысы жақсы болса, қосымша ақысын төлеп оқысын.

Үшіншіден, қазақ тілі мен әдебиетіне немесе бөлінетін сағат саны орыс тілі мен әдебиетіне немесе ағылшын тілі мен әдебиетіне бөлінетін сағат санынан ешқашан да кем болмауы тиіс, керісінше, оған мемлекеттік тіл ретінде артық сағат бөлуге міндеттіміз. Осыған халық қалаулылары көңіл аудармайтыны өкінішті, жүректі сыздатады.

Тағы да сол журналдың тұңғыш нөмірінде төмендегідей сырды ақтарыппыз: «...қасыңыздағы әріптестеріңізді түгел осы кәсіби журналына жаздыртып, оны өздеріңіз еңбек етіп жүрген аудан және облыс көлемінде кеңінен тарату жөнінде үгіт-насихат жұмысын белсене атқару. Бізге одан артық сыйдың керегі жоқ. Өйткені педагогикалық кәсіби төл басылымыңыздың тағдыры – өз қолдарыңызда, жалғыз құрылтайшысы да – Өздеріңіз. Сондықтан да журналымыздың ыстығына күйіп, суығына тоңып, бағы ашылуына бір кісідей жұмыла атсалысады деген сенімдеміз».

Қазіргі таңда да сол нық сенімнің құдіретімен өмір сүріп келеміз. Мың екі жүздей оқырманымыз бар. Бәрінің отбасына амандық тілейміз. Шаңырағы шаттыққа толып, жүздерінен күлкі кетпесін! Бала-шағасының қызығын көрсін! Еңбектері жемісті болып, шәкірттері мерейін көтерсін! Наурыз жылы тек жақсылық сыйласын!

Ал, енді төмендегі келелі мәселелерге, игі істерге, жылы лебіздерге назар аударыңыздар. Кейде шіркін-ай деп қиялдаймыз. Егер сол мың екі жүздей оқырманымыз бір-бір әріптесін үгіттеп, көзін жеткізіп журналға жаздырса, «Екі мың төрт жүз» деген толағай табысқа кенелеміз.

Алайда, өкінішке қарай, бүгінгі жағдайымыз әлі де мәз емес. Мұны жасырудың еш мәнісі жоқ. Сондықтан да әрқайсысыңыз бір-бір әріптесіңізді журналға жаздыртсаңыз – үлкен іс тындырар едіңіз. Журналдың да Күні жаздай жарқырап жайнар еді, бақшадан бұлбұлы құйқылжытып сайрар еді. Алла осы тілегімізді қабыл қылып, өтінішімізді орындаса, бақыт құшағында шалқыр едік! Биік шыңда қырандай қалқыр едік!

Шынында да, өзінің төл журналына жазылып қана қоймай, әріптестерінің хал-ахуалын ойлап, өзінің жүрегін тебіrentкен жайлар туралы толғанып, әдістемелік көмек ретінде мақала жазып, ой-пікірін көпшілікпен бөліскен мұғалімдердің, ғалымдардың аты-жөндерін ерекше ілтипатпен атап айтқанды орынды санадық.

Соның ең алдыңғы қатарында жүрген ғалым-әдіскер, филология ғылымдарының докторы, оқулық авторы Жаңылхан Адамбаева, профессор Сәтбекова Айгүл Амантайқызы, ақтөбелік ғалым Өмірбаева Күләш Охасқызы, тараздық білгір педагог Т.Әбдіқадырова, білікті доктор Қарлығаш Қадашева, жезқазғандық ұстаз Бақыт Бекенқызы, айтулы ғалым-әдіскер Күлпаш Сариева, павлодарлық пайымды педагог Зайда Жұмбаева, рудныйлық оқымысты оқытушы Пиалаш Сүйінкина, торғайлық талапты тәлімгер Ғалия Қосмұхамбетова, алматылық алымды мұғалім Күнбала Сығаева, көкшетаулық кемел ұстаз Ардақ Сағынаева, қызылжарлық қайраткер педагог Балғаным Оспанова, өскемендік өрелі әдіскер Айгүл Мұратбекова, талдықорғандық қарымды ғалым Зәуреш Ермұханова және тағы басқалары қомақты үлес қосқандығын мақтаныш тұтамыз.

Сонымен бірге оны журналдың бүкіл ыстық-суығына шыдап, қанатын кеңге жаюына бар күш-жігерін жұмсаған, басшылық қамқорлығын ұдайы жасап келе жатқан ұлағатты ұстаз, Білім және ғылым министрлігінің бас сарапшысы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданының құрметті азаматы Баттал Роза Мұхамеджанқызы, парасатты педагог білімді де білікті әдіскер Жүнісханова Қарлығаш Қайыпбайқызы, белгілі әдіскер Абуханова Рысқаным Нығметоллақызы, белсенді де беделді ғалым, әдіс-теме әлеміндегі әйгілі әріптес Қайсар Қадырқұлов және басқаларына айтар алғысымыз шексіз.

Әсіресе, өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісіп, өзгелердің шығармашылық жұмысына ұйытқы болып жүрген мұғалімдер мен ғалымдардың еңбегіне дән ризамыз. Осындай озық ойлы ғалым-ұстаздар қатарында астаналық Баянғали Ғалымжанұлы, екібастұздық Юлат Жұмаділов, қарағандылық Базаргүл Көлбаева, павлодарлықтар Айнаш Макеева мен Сәуле Медеуова, шымкенттік Зәуреш Нұрымова, алматылықтар Жанар Қожабергенова мен Рая Байжанова, Бақыт Сегізбаева мен Шолпан Табынбаева, Ғалия Шәріпжанова мен Карима Мадалимовалар, атыраулық Баянсұлу Өтежанқызы, оралдық Күлсін Қарабалиева, қызылордалықтар Нұргүл Дүйсенбекова мен Шолпан Қасымова, көкшетаулық Роза Бекешова, семейлік Бақытгүл Жұмбаева, белсенді ғалымдар Меңдібай Әбілұлы мен Қанат Ибрагимовтардың жазған дүниелері басқалардың рухани әлемін байытып, сабақ беру шеберлігін жетілдіруіне ерекше ықпал етіп, бір-біріне әдістемелік тұрғыдан жан-жақты көмек беріп келеді, көпшілік сүйіспеншілігіне бөленуде. Сол үшін оларға мың да бір рахмет! Көсегелері көгеріп, өркендері өссін!

Журнал да өзінің осы бір басты ізгілікті міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарап, мінсіз қызмет көрсетуге бүкіл күш-қуатын жұмылдыру үстінде.

Біз бұл арада мына бір өте жағымды фактіге арнайы тоқталғанды орынды санадық. Оңтүстікқазақстандық мұғалім Аманкүл Палуанова (Созақ ауданы, «Құмкент» ауылы) өз мамандығын үнемі жетілдіріп отыру үшін ауадай қажет «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» журналдарына биыл ешкімнің

ақылынсыз, еш күштеусіз, өз жүрегінің қалауымен жазылып, түбіртектерінің көшірмелерін редакцияға салып жіберіпті. Нартәуекел ісіне еріксіз сүйсіндік. Қалайша разы болмассыз, өйткені кейбір әріптестері үш айға немесе жарты жылға жазылып, «қулығын» асырып келеді. Сонда олар кімді алдайды? Әлбетте, тек өзін ғана алдайды.

Әрине, сол «қулар» редакция ұжымын да тақыр жерге отырғызып, мәз болып жүр. «Неге бұлай істедіңіз?» деген сауалға кейбіреулері: «Пошта бөлімшесі рұқсат етпейді, тек жарты жылға ғана жаздыртады» деген жауап берді.

Сонда қалай болғаны? Пошта қызметкері Аманкүлден қорыққандықтан бір жылға тұтас жаздырған болып шықпай ма? Біздің ойымызша, бар кілтипан мұғалімдердің жалтақтығында жатыр, өз құқығын ешкімге таптатпай, оны қаскүнемдерден мықтап қорғап, табанды түрде талап етуге тиіс.

Ал ұстаз Аманкүл Палуанованың жүзі жарқын, төл кәсіби журналы алдында ары таза, мақаласын бүкіл жыл бойы еш алаңсыз редакцияға жолдайды, еңбегінің жемісін жейді.

Біз өзге мұғалімдер мен тәрбиешілердің барлығын да дәл осы Аманкүл Палуановадай өз көзқарасына берік, ұстанымы нық, намысшыл ұстаз болуға шақырамыз, сол кісінің іс-әрекетінен үлгі алуын қалаймыз.

Сонда ғана журналдың Айы солынан туып, Күні оңынан шығады. Жұлдызы жарқырап, қатарынан кем болмайды.

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті,
Аймақтық менеджмент
академиясының профессоры.

ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ОТБАСЫЛЫҚ БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

Жас бүлдіршіндерді білім мен өнерге баулу әдістерінің бірі – қазақ халқының *балаларға арналған отбасылық әдебиеті* арқылы олардың дүниетанымдық өрісін дамыту болып табылады. Осындай әдіс арқылы жас бүлдіршіннің қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту. Ол үшін бүлдіршіндерді қазақ халқының ұлттық дәстүрлері сипатталатын *балаларға арналған отбасылық әдебиеті* арқылы баулып, жарық өмірге деген ұмтылысына демеу болып, жас бүлдіршіннің анаға, әкеге, әжеге, атаға, бауырларына деген ықыласын күшейту керек. Аяғын қаз-қаз басып, былдыр-былдыр сөйлеп келе жатқан *балаларға арналған отбасылық әдебиетке* әдетте халық ауыз әдебиетінің үлгілері, қазақ ақындары мен жазушыларының сәбилер мен бүлдіршіндерге арналған прозалық және поэзиялық туындылары кіреді.

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған «Әдебиет» оқулығында балаларға арналған ауыз әдебиеті туралы былай деп жазады: «Ауыз әдебиеті дүние туралы мол таным берумен бірге тәрбие құралы да болған. Ол жас ұрпақтың жүрегіне туған ата-анасын, бауырларын, адам баласын, елін, жерін сүю сезімдерін екті. Ел басына күн туғанда ел қорғаған, жерін жауға таптатпаған батырлықты, ерлікті дәріптеді... «Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді», «Жалаңаш бар да, жауға шап, ажалың жетпей өлмейсің» деген сияқты көптеген мақалдар да намыс, ар-ұят, ерлік, өжеттік, т.б. қасиеттерге тәрбиелейді...» (А., «Атамұра», 2010, 8-бет).

Жазушы-этнограф Сейіт Кенжеахметұлы бала тәрбиесі туралы былай деп жазады: «Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Оның тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп». (*Жеті қазына. (бірінші кітап)*). А., «Ана тілі», 2007, 3-бет).

Өскелең ұрпақтар – елдің, мемлекеттің болашағы, ал ұрпақ тәрбиесі сол болашақтағы елдің, мемлекеттің іргетасы болады. Осыны санаға сіңірген бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне баса көңіл бөлді.

Жасөспірімдерді ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке, ерлік пен өрлікке, өнерге, еңбекке баулудың жолдары сонау көне дәуірдегі шаманизм жырларынан басталып, ойын өлеңдеріне дейінгі аралықты қамтитыны белгілі. Тұрмыс-салт жырлары, табиғат

туралы, туған жер туралы, ерлік, қаһармандық, қайсарлық пен тапқырлық, еңбек, өнер жөнінде ауыз әдебиетінің түрлері – осының айғағы.

Баланың ойлау өрісін кеңейтуге, шешендік пен ұтқырлыққа, тапқырлыққа, шыдамдылық пен сабырлыққа тәрбиелейтін мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар балалар ауыз әдебиетінің асыл қазынасы болып табылатыны анық.

Балалар мен жасөспірімдерді елді сырт ел шапқыншыларынан қорғауға тәрбиелеу – ең бірінші мәселе болған. Оған «Жекпе-жек», «Жауды қоршау», «Жауға аттану», т.б. әскери-тәрбиелік соғыс ойындары дәлел. Балаларға соғыс ойындарын үйретуге баулу, әдетте, балаларды аң аулауға үйретуден басталатын болған. Ежелгі дәуірде елді шет ел шапқыншыларынан қорғауға балалардың да қатысқаны мәлім. Олар соғыс тактикасын жетік меңгерген. Шегіне соғыс жүргізу, жауды тау аңғарларына тықсырып әкеліп соғысу, орманды жер мен теңіз бойында, өзен жағаларында, шөлді жерлер мен ұлан-ғайыр далалықта соғысудың әдіс-тәсілдерін үйреткен.

Тұрмыс-салт жырларының тәрбиелік маңызы тереңде. «Шілдеhana» жырының жасөспірімдерге берер ұлттық тәрбиесі мол. «Шілдеhanaда» жыршылар мен жыраулар, қиссашылар мен ертекішілер өз өнерлерін көрсетіп, халықтың рухани байлығын дамытып отырған. Балалар мен жасөспірімдерге арналған ауыз әдебиеті үлгілерімен шілдеhanaға жиналғандардың рухын көтеріп отырған.

«Тойбастар» жыры балалар мен жасөспірімдерге рухани күш-қуат береді. Ежелгі қассақтар (қазақтар)

мемлекетінде той елдегі үлкен рухани мереке ретінде аталып өтілген. Тойдың балалар мен жасөспірімдерге берер әскери-патриоттық тәрбесі зор болған. Тойда әскери ойындар ойналған. Мергендер нысана көздеген, балуандар белдескен. Күйшілер қобызбен, домбырамен күй тартқан. Биші қыздар, келіншектер қобыздың, домбыраның сүйемелдеуімен би билеген. Ат бәйгесі, түйе жарысы, көкпар әскери ойындарға жататын болған.

«Бата-тілек» жыры балалар мен жасөспірімдердің санасына тереңдей енген. Ежелгі дәуірде қассақтардың ұл-қыздары майданға аттанарда ақсақалды қариялар бата-тілек беріп, жауға аттандырып салған. Бата-тілектер жауға аттанып бара жатқан жасөспірім ұл-қыздарға рухани қуат беріп, сол бата-тілекпен қайраттанған. Жауға деген өшпенділігі артқан.

«Тұсаукесер» – ежелгі қассақтардан дәстүрлі отбасылық тойы. «Тұсаукесер» жыры – осы тойда айтылатын, балалардың рухын көтеретін ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі.

...Қаз-қаз, балам, қаз балам,

Қадам бассаң мәз болам.

Күрмеуіңді шешейін,

Тұсауыңды кесейін... деп басталатын «Тұсаукесер» жырында ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігі, асыл үміті жатыр. Ана да, әке де қадам басқан баласының қаз-қаз жүргенін көңілге демеу қылып, алға үлкен мақсатпен қарайтын болған. Дүниеге шыр етіп келген сәбидің іңгәлап «ән салғанына» қуанған әке мен ана арадан екі-үш ай өткен соң сәбидің жымып күлгенін көріп қуанады. Сәбидің

еңбектегені – көңілге демеу. Ана да, әке де баланың басқан қадамын санап, көл-көсір қуанышқа бөленеді:

...Қадамыңа қарайық,

Басқаныңды санайық...

Қамшының сабындай ғана қысқа өмірде ананың да, әкенің де қуанышы – осы сәбидің қаз-қаз басқан қадамы оларды үлкен алтын мақсаттарға жетелейді. «*Тай-құлын боп шаба ғой // Озып бәйге ала ғой...*» деп жырлауында баласының ержетіп өмірден өз орынын табуын аңсаған арманы жатыр. Сәбиінің өмір бәйгесіне қосылуын аңсайды:

Қаз баса ғой, қарағым,

Құтты болсын қадамың.

Өмірге аяқ баса бер,

Асулардан аса бер...

«*Асулардан аса бер...*» деген жыр жолының өзі алда тұрған биік армандар, алтын мақсаттар барын сездіреді.

«Төрт түлік мал туралы өлең-жырлар» – отбасылық балалар ауыз әдебиетінің ең асыл мұраларының бірі.

Маң-маң басқан, маң басқан,

Шудаларын шаң басқан,

Екі өркешін қом басқан,

Төрт аяғын тең басқан... – деп басталатын жырда ежелгі қассақтардың өмірінде түйенің орыны бөлек екені сезіледі. Қассақтардың көшпелі өмір салтында түйенің орыны ерекше екені белгілі.

Ана баласын «қоңырым», «боташым», «құлыным», «қозым» деп сүйеді. Осының өзінен ежелгі қазақтардың балаға деген мейірімі байқалады, төрт түлік малға байланысты айтылатыны көне

заманнан бері келе жатқан дәстүрлі тәрбиенің қайнар көзі екенін дәлелдейді. Отбасылық балалар ауыз әдебиетінде «Малдың баласын сүюі» деп аталатын өлең бар:

Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,
«Ештеңені білмейтін момыным!» деп.

Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,
«Қараңғыда баспаған қорқағым!» деп.

Түйе сүйеді баласын «Боташым» деп,
«Жәудіреген көзіңнен, тоташым!» деп.

Ешкі сүйеді баласын «Лағым» деп,
«Тастан тасқа секірген шұнағым!» деп.

Жылқы сүйеді баласын «Құлыным!» деп,
«Тұлпар болып жүгірер жұрыным!» деп.

Төлдерді қалай шақыратынын балаларға кішкене кезінен үйреткен. Ежелгі дәуірде өмір сүрген бабаларымыз қойды «пұшайт, пұшайт», «ешкіні «шөре, шөре», «жылқыны «құрау, құрау», сиырды «аухау», «түйені «көс, көс» деп шақыратынын жырға қосқан:

*Қой баласы қоңырым,
Қойдай жуас момыным,
Шопан ата түлегі –
Қошақаным, қайдасың?
Пұшайт, пұшайт!*

*Жауын жауса бақырған,
Ешкі атасын шақырған.
Өрісте өскен жануар,
Шөкетайым, қайдасың?
Шөре, шөре!*

*Жолға шықсам – көлігім,
Жапанда жүрсем – серігім.
Қамбар ата өсірген,
Құлыным менің, қайдасың?
Құрау, құрау!*

*Тілімен мұрынын жалаған,
Тілімен бойын тараған,
Көкке мұрынын шүйіріп,
Көз төңкеріп қараған.
Зеңгі баба өсірген,
Әукешім менің, қайдасың?
Аухау, аухау!*

*Екі көзі танадай,
Екі өркеші баладай,
Елпеңдеген ойнақтап,
Енесіне қарамай.
Ойсылқара баласы –
Ботақаным, қайдасың?
Көс, Көс!*

(«Той» кітабынан. Құрастырғандар: Бейбіт Сапаралы, Жақау Дәуренбеков. Алматы, «Өнер», 1993, 93-94-беттер).

Төрт түлік малдарға баланың тілімен айтылатын «Бөбектің тілегі» деп аталатын жыр балалардың төрт түлік малға жақын болып өссін деген тілекпен шығарылғанын дәлелдейді. Жырдан ежелгі бабаларымыздың малдың пайдасының мол екенін балаларға ұғындыру ретінде шығарғанын сезуге болады:

Тоқтышағым, тоғыз тап,
Саулық қойым, сегіз тап,
Сегізін де семіз тап!
Құла бием, құлын тап,
Құлын тапсаң, құнан тап!
Бөкен жүнді бөрте ешкім,
Төрт айда бол төрт ешкім.
Төртеуің де бөрте бол,
Өлмей – жітпей есен бол,
Қой алдында көсем бол...

«Бөбек жырлары», «Уату-алдарқату жырлары», «Бақташылық жырлары», «Ұлыс жырлары», «Мақалдар мен мәтелдер», «Жаңылтпаштар», «Мазақтама өлеңдер», «Өтірік өлеңдер», «Табиғат, туған жер, қаһармандық туралы өлең-жырлар», «Ойын өлеңдері», «Айтыс ойындары», «Әскери-тәрбиелік ойындарға байланысты айтылатын өлең-жырлар» ежелгі дәуірдегі отбасылық балалар ауыз әдебиетінің асыл мұраларына жататыны белгілі.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДЕР БОЙЫНША ҚЫСҚАША ХАБАРЛАМА ЖАСАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Техникалық мамандықтар бойынша білім алатын жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту жұмысының ұтымды ұйымдастырылуы оқыту әдістерінің үйлесімділігімен байланысты. Педагогикада оқыту әдістерін тандап алуда оқушылардың өмір тәжірибесі, білім қоры, іскерлігі есепке алынатынын әрбір педагог білуге тиіс. Оқыту әдістерін тандап алуда оқыту заңдылықтары мен ұстанымдарының сәйкестігі, дидактикалық мақсаттар мен міндеттердің сәйкестігі, т.б. өлшемдер басшылыққа алынады. Техникалық мамандықтардағы студенттерге практикалық қазақ тілі жүргізілетіндіктен оқыту әдістерінің ішінде сөздік әдістер тобы кең қолданылады. Бұлар: әңгімелеу, әңгіме, түсіндіру, кітаппен жұмыс. Фактілерге негізделген мәліметтер талдау, жинақтау тәсілдерімен жеткізіледі /Ж.Қоянбаев. Педагогика. А., «Рауан», 1992/.

Бұдан бұрын айтылғандай, монолог бойынша хабарлама жасаудың бірінші типіне мәтіннің дайын формасы арқылы мазмұнын жеткізетін, жаңғыртуға арналған алдын ала дайындалған хабарламалар жатады. Бұл – монологтың ең кең таралған және ең жеңіл типі. Оқушы мәтіннің тілдік материалын белсенді түрде тану, түсіну деңгейінде болып, қосымша дайындықты қажет ету нәтижесінде, қиындықпен болса да, түсінгенін қайта жаңғыртып баяндай алады.

Монолог бойынша хабарлама жасаудың екінші типіне дайын форма арқылы қысқаша мәтін мазмұнын баяндайтын, жаңғырту мақсатындағы алдын ала дайындалған хабарлама жатады. Техникалық мамандықта оқитын студенттерге бұл тип бойынша баяндау тәсілі жиі қолданылады. Мәтіннің мәнін, негізгі ақпаратты меңгертуде оқытушы көбіне мәтінді егжей-тегжейлі баяндауды емес, нақты жағдайларды, болған құбылыстардың маңыздыларын атауды талап етеді. Мұндай хабарлама жасау студенттен тіл білуді әлдеқайда жоғары деңгейде игеруді талап етеді, яғни, синтаксистік құрылымдарды құрастырып тарата білуге; негізгі ойды табуға; іріктей алуға; екі-үш сөйлемнен бір сөйлем жасауға тиіс. Тәжірибе көрсеткендей, мәтінді қысқарту – тек қана негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді ғана табу емес, екі немесе одан да көп сөйлемдерден бір жаңа сөйлем жасап шығару. Хабарламаны тілді жетік меңгермеген студенттердің бірден дайындауы екіталай. Ол үшін алдымен мәтінді меңгерту кезеңінен өту керек, яғни,

мәтінмен жұмыс жүргізіледі: студенттер мәтінді өздігінен оқиды, түсініксіз сөздер талданады, содан кейін сөзбе-сөз аударма (тіл білу деңгейлері төмен болса), нағыз аударма жасау талап етіледі. Біртіндеп тірек сөздер, негізгі ақпарат беретін сөздер іздестіріледі. Бұл дағдылар қалыптасқаннан кейін мәтінді меңгеру жылдамдықтары дами бастағанда мәтінді қысқартып баяндау талап етіледі. Оқу жылының соңына қарай тыңдап-түсінуге арналған мәтіндер бойынша да бірден хабарлама жасауға бағыттаған жөн /Е.И.Мотина. Язык и специальность: лингво-методические основы обучения русскому языку студентов-нефилологов. М., 1988/.

Монолог бойынша хабарлама жасауда студенттерден келесі тілдік дағдыларды меңгеру талап етіледі:

1) жекелеген сөйлемдер мен мәтіннің мазмұнын толық түсіну;

2) ұсынылған мәтіннен негізгі, қосалқы мүшелерді табу, сөйлемдерді трансформациялау (құрмалас сөйлемді жай сөйлемге немесе екі-үш сөйлемнен бір сөйлем жасау);

3) берілген мәтінді қысқарту:

а) мәтіннен негізгі, қосалқы және артық сөйлемдерді табу;

ә) мәтіннің негізгі құрамды бөліктерін логикалық байланысымен құрастыру (жай жоспар құру);

б) сөйлемдерді түрлендіру, құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемге айналдыру, екі немесе үш жай сөйлемнен бір сөйлем жасау, қосалқы және артық ақпаратты қысқартып баяндау;

4) мәтіннің негізгі мазмұнын ұмытпай есте сақтау;

5) есте сақтағандары бойынша (немесе мәтіннің жоспары мен тірек элементтері бойынша) мәтін мазмұнын қысқаша қалыпты қарқында әңгімелеу.

Жоғарыда көрсетілген 1, 2-тілдік дағдылар бойынша төмендегідей тілдік жаттығулар жүргізіледі:

1. Мәтінді тақырып мазмұнын ашатындай етіп, мағыналық бөліктерге бөліп, олардың әрқайсысына тақырыпша қойыңыз.

2. Тақырыпшалар арқылы жай және күрделі жоспар құрыңыз.

3-тілдік дағды бойынша жүргізілетін жаттығулар жүйесі:

1. Мәтінді оқи отырып, жаңа ақпарат беретін сөйлемдерді белгілеңіз (келесі кезеңде оқу үдерісінде жүзеге асырылады);

2. Мәтіннен жаңа ақпарат беретін сөйлемдерді көшіріп жазыңыз;

3. Мәтінді оқып, жаңа ақпарат беретін сөйлемдердің астын сызыңыз;

4. Жаңа ақпарат беретін сөйлемдерді бір сөйлеммен жеткізіңіз;

5. Мәтін сөйлемдерін қосымша ақпаратсыз құрастырыңыз;

6. Мәтінді тек жаңа ақпарат беретін сөйлемдермен қайта түзіңіз;

7. Әрбір тақырыпшалардың баяндау тәсілдеріне назар аударыңыз.

4-тілдік дағды бойынша жүргізілетін жаттығулар жүйесін былайша көрсетуге болады:

1. Жоспардың әр бөлімі бойынша не айтылатынын оқыңыз және қайталаңыз;

2. Осы бөлімдерді өзіңізше тағы бір қайталаңыз;

3. Мәтіннің осы бөлімдерін қалыпты қарқынмен есте сақтағаныңыз бойынша жаңғыртыңыз;

4. Жоспардың кез келген бөлімін мазмұндаңыз (ішінара).

5-тілдік дағдыны қалыптастыруға арналған жаттығулар:

1. Мәтіннің жоспарын есте сақтағаныңыз бойынша жаңғыртыңыз;

2. Мәтінді жоспар бойынша, тірек элементтер немесе қатар тұрған сөйлемдер арасындағы байланыс сұлбасы бойынша қысқаша жаңғыртыңыз;

3. Мәтінді қысқаша тек жоспар бойынша немесе тірек элементтер бойынша қалпына келтіріңіз;

4. Мәтінді қысқаша нұсқада тірек элементтерсіз қалпына келтіріңіз.

Біздің ойымызша, осы бағыттағы тапсырмалар қазақ тілінде оқитын өзге ұлт өкілдеріне жүйелі түрде жүргізілсе, олардың, мәтінді мазмұндау ғана емес, тілқатысым міндеттерін де жүзеге асыруға септігі тиері хақ.

Мәуле ҚҰМБАСОВА,
Қостанай облысының
Рудный қаласындағы
№12 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚУ ТЕХНИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Психологтардың пайымдауынша, оқушының үлгерім сапасына 200-ден астам фактор ықпал етеді екен. Әрине, олардың бәрін ескеру мүмкін емес. Осы 200 фактордың алғашқы 40 шақтысын алып қарастырсақ, басты әрі маңыздыларының бірі – оқу болып табылады.

Оқу – танымдық құралы, ақпаратпен жұмыс. Білімді меңгеру оқу арқылы жүзеге асады. Тіл үйрену де дәл солай. Тыңдау, айту, оқу, жазу арқылы жаңа тілді меңгеруге жол ашылады. Осылардың ішінде өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруде оқудың рөліне аз-кем тоқталмақшымыз. Жасыратыны жоқ, көпшілік мұғалімдер қазақ тілі сабақтарында балалардың оқу техникасына көңіл бөлмейді. Оқу техникасы қалыптаспаған тіл меңгерушінің қандай да бір мәтінді дұрыс түсініп, шапшаң және мәнерлеп оқуы мүмкін емес. Сондықтан тілді оқытудың

алғашқы кезеңінен бастап-ақ, мұғалім баланың қазақ тілінде дұрыс оқуын әрдайым қадағалап отырғаны жөн. Яғни, оқу техникасын қалыптастыру – білім берудегі өзекті мәселелердің бірі.

Елбасы Н.Назарбаевтың: «Балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу қажет» деген аса маңызды сөзін қазақ тілі пәнінің мұғалімдері басшылыққа алғаны абзал. Сондай-ақ мемлекет басшысы «бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде оқу үдерісінің практикалық жағына көңіл бөлінбейтінін» қадап айтты.

Оқушының танымдық белсенділігі оның оқуға дайындығына, ақпаратқа деген қызығушылығына байланысты. Осы жағдайлар ескерілгенде ғана дұрыс оқуға қол жеткізуге болады. Ал: «дұрыс оқу» дегеніміз не?

Дұрыс оқу – әр сынып көлемінде қандай да бір мәтінді саналы түрде түсініп, орфоэпиялық заңдылықтарды сақтай отырып, қатесіз, шапшаң, мәнерлеп оқу.

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі ретінде өз тәжірибемде оқу техникасын қалыптастыруға қатысты келесі жұмыс түрлерін жүргіземін. Көбінесе **ызыңды оқуға** мән беремін. **Ызыңды оқу** дегеніміз не? Бұл – жартылай дауыстап, хормен орындалатын оқу түрі. Мұндайда әркім өз мүмкіндігіне қарай, біреу тез, екіншісі баяу дегендей, түрліше оқитыны белгілі. Әйтсе де,

мұғалім оқушылардың оқуды бір мезгілде бастап, бір сәтте аяқтауын ескертуі қажет. Оқудың бұл түріне 5 минут бөліп, сабақ сайын өткіземін.

Оқу техникасын жетілдірудің келесі жолы – **динамикалық оқу**. «Динамика» – «өзгеру, қозғалу, даму» деген ұғымды білдіреді. Динамикалық оқуға мысал ретінде кәртішкемен жұмыстың мына бір түрін келтіруге болады. Кәртішкеде сөздер қатары жазылған, олардың саны біртіндеп ұлғая береді:

«Бәйшешек.

Бәйшешек гүлдейді.

Бәйшешек ерте гүлдейді.

Бәйшешек көктемде ерте гүлдейді».

Енді оқудың **буксирлі түріне** тоқталып өтейін. Мен оқу қарқынын түрлендіре отырып, қатты дауыстап оқимын. Оқушылар да менен қалмай, қатты дауыстап оқиды. Одан әрі мен дауыстап оқуды жалғастырамын, ал балалар іштей оқиды. Мен тоқтаған кезде, оқушылар соңғы оқылған сөзді атайды.

Оқудың **«құрыққа түсіру»** деп аталатын түрі. Мәтінді мұғалім немесе оқу техникасы үздік оқушы оқиды, оқу барысында кейбір сөздерді синонимдермен алмастыру ұсынылады. Баламасын қате айтқан оқушы құрыққа іліккен боп саналады.

«**Кім шапшаң?**» оқуы баланың оқу жылдамдығын, оқуға қызығушылығын арттыруды көздейді. Мұны өткізудің бір тәсілін қысқаша баяндап өтейін.

Тақтада сөздер жазулы тұр, мәтін үстел үстінде жатыр. Белгі бойынша оқушылар аталған сөзі бар сөйлемді мәтіннен іздестіреді: «Дәрігер – жауапты мамандық. Дәрігер болу үшін, медициналық оқу орнында білім алу керек. Дәрігерлер ақ халат киеді. Менің әкем – оташы (хирург), шешем – тіс дәрігері. Атам да – дәрігер. Менің де дәрігер болғым келеді. Біздің отбасымыз – дәрігерлер отбасы».

Мұндай мәтіннің, оның ішіндегі «мамандық», «дәрігер», «отбасы» сөздерінің бірнеше мәрте қайталануы, бір жағынан, оқушының сөздік қорының бекуіне ықпал етсе, екіншіден, есте сақтау қабілетінің дамуына көмектеседі.

XXI ғасыр - ақпараттар ғасыры. Ақпараттар ағыны мол қазіргі кезінде көп ақпараттан оқушыларға қажеттісін, негізгісін тауып алуға баулимын. Кітапханаға барып, газет, журнал, кітаппен жұмыс істеуін, белгілі бір тақырыпқа ақпарат тауып, жазып әкелуін, сондай-ақ қызықты мәліметтерді ғаламтордан іздеп тауып әкелуін тапсырамын. Яғни, оқуға қызықтырудың алғышарты ақпаратпен жұмыс істей білу екенін ұғындырамын.

Шынында да, оқуға дағдылану үшін мәтінмен жұмыс жасай білу керек.

Бұл ретте Н.Оралбаева, К.Жақсылықова сынды әдіскер-ғалымдардың: «Оқушы тілін дамытуда мәтіндердің атқаратын қызметі өте күшті. Мәтін

оқушыға білім береді, мәтін – оқушыны оқуға үйрету құралы, ол ойын, тілін дамытады, тәрбиелейді, қазақша сөйлеуге үйретеді» деген пайымын жадымызда ұстағанымыз жөн.

Мәтінмен жұмыс барысында баланың сөзге мұқият болуын қадағалаймын. Бұл мақсатта келесі жаттығу түрлерін жүргіземін:

1. Тым қысқа уақыт ішінде сөзді дұрыс оқып шығу;

2. «Фотокөз» оқуы. Интерактивті тақтадан титр өтеді, оқушы осы сөздерді есте сақтап алуы қажет;

3. Жаңылтпаш оқу. Сөздердің жалғауларын дәл, нақты оқу. Ол үшін алдымен баяу, сонан соң нақышына келтіріп қайта оқиды. Оқушылар өздеріне таныс бөлікті соңына дейін оқып, кейін мәтіннің беймәлім бөлігіне көшеді. Осылайша жиі жаттыққан оқушының оқу қарқыны өсе түседі. 2-3 аптадан соң жақсы нәтижеге жетеді.

4. «Дидактикалық оқу». Оқудың бұл түрінің шарты мынадай: Оқушылар мәтінді іштей оқу барысында оны өздері үшін оқитынын білуі тиіс. Іштей оқи отырып, олар мәтіннің не туралы, кім жайында екенін түсініп, оқиғаны, кейіпкерлерді көз алдына елестетеді. Ал, қатты дауыстап оқыған сәтте, балалар өздері үшін ғана емес, өзгелер үшін де түсінікті оқу керектігін басты назарда ұстаулары қажет. Тыңдаушы көріністі, кейіпкерлерді көз алдына елестетіндей, дұрыс түсінетіндей дәрежеде оқуға тырысу керек. Мәтінді бірлесіп бөлімдерге бөлеміз, әрқайсысына

жеке-жеке ат қоюға болады. «Дикторларды» алдын ала дайындап, әрқасысымен дербес жұмыс жүргізіп аламын. Мысал ретінде мына мәтінді алуға болады: «Мамандық өте көп. Мен мектепте жақсы оқимын. Математика сабағын өте жақсы көремін. Компьютерде есептер шешемін. Мұғалім маған көп тапсырма береді. Менің ғалым болғым келеді. Ғалымдар ғаламшарды зерттейді, жақсыны өз көздерімен көріп, жанымен сезінеді. Сондай-ақ жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанда патриот болу үшін үш тілді білу керек. Мен қазір қазақ тілін үйренуге деп қойып жүрмін».

5. «Мәтінді қайта қарау». Шағын мәтінді параққа үлкен әріптермен жазамын да, қайшымен ұсақтап қиып тастаймын. 2-3 оқушы құралған шағын мәтінді қайтадан дұрыс құрастырып шығуы керек. Тапсырманы күрделендіруге де болады. 2-3 мәтінді немесе бір мәтінге өзге мәтіннен алынған сөздерді араластырып, құрастыру – онай шаруа емес. Есесіне бұл – балаларды ептілікке, шапшаңдыққа, ойлау қабілетін дамытып, түсініп оқуға үйретеді.

6. Жұппен оқу.

7. Мәтінді кері оқу.

Аталған технологиялар мектеп оқушыларын өз бетінше оқуға, қызығып оқуға жетелейді. Мұны шығармашылық, проблемалық оқыту түріне де жатқызуға болады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: оқу сабағының сапасы әр сабақтың қаншалықты деңгейде ойланып құрылғанына, қолданылған әдіс, тәсілдерге, мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Сонда ғана бала оқыған сөзін, сөйлемнің мағынасын, ондағы айтылған ойды дұрыс түсініп, оны келесі бөлімдегі оймен байланыстырып, түсінгенін айтып бере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. «Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы, 2012.

2. Н.Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы, 2012.

3. Г.Ж.Тұрдағалиева. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. Астана, 2007, 60-бет.

4. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі А., 1996, 114-бет.

Резюме

Автор статьи предлагает несколько приемов, влияющих на эффективность обучения в учебно-воспитательном процессе.

Постепенное и ступенчатое обучение тесно взаимосвязаны между собой. Использование предлагаемых приемов обучения технике чтения позволяет легко диагностировать успеваемость обучающихся.

В данной работе приводятся примеры применения на уроках различных способов обучения, помогающих самостоятельно заниматься обучением, использовать информационные данные, поскольку самостоятельность в приобретении знаний играет огромную роль в формировании всесторонне развитой личности.

Resume

The author of the article suggests a few variants of factors influencing the effectiveness of teaching in the educational process.

Step-by-step and leveled teaching are toughly connected with each other. On basis of this teaching it is able to make diagnosis of successful studying of students.

Studying is a means of cognitiveness of the environment which demands the work with informational data. The author gives the examples of using different methods of work helping the students to learn. Selfdone work in getting knowledge plays a great part in formation of developed personality.

Мереке ӘБДІҒАЛИЕВА,
Астана қаласындағы
№1 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ САБАҚТА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақал мен мәтел айтылатын ойдың мақсатын және уақиға желісін тыңдаушыға бірден аңғартуға және сөйлеген сөзден қысқа, тұжырымды қорытынды шығаруға үлкен жеңілдік туғызады. Осы қасиеттеріне қарай мақал-мәтелдерді сөйлеуде, шығармада орынды қолдану керек. Орынды қолданылған мақал-мәтел сөйлеушінің ойын дәл, анық, әсерлі етіп беруге көмектеседі.

Мақал-мәтелдердің тілі қарапайым және өте көркем, сөздік құрамы бай. Сөйлем құрылысы жағынан жеңіл, әсерлі болып келеді. Халық мақал-мәтелдердегі қолданылған тек қана сыртқы сұлулығына қарамайды, сонымен қатар құрамындағы сөз мағынасының шебер, орынды қолданылуына назар аударады. Мақал-мәтелдерді оқып-үйрену ана тіліміздің байлығын, сөйлем құрылысын, дұрыс

сөйлеу заңын жетік білуімізге, тілімізді дамытып, ой-өрісімізді кеңейтуге себепші болады.

Ғалым М.Балақаев тіл шеберлігіне төмендегідей жалпы сипаттама береді: «Негізгі тілдік материалдар, халық тілінің байлықтары – сөздер, мақал-мәтелдер. Тек солар арқылы әрі жатық, әрі нақтылы, өзгелер бірден түсіне қоятын сөз кестелерін тіл шеберлігіне арқау еткенде ғана жұрт ықылас қойып, сүйсініп тындайтын болады». Бұл сипаттамадан мақал-мәтелдер ойды әсерлі етіп түсіндірудің құралы деген қорытындыға келеміз.

Мақал-мәтелдердің негізгі ерекшелігі: ол – халық ойының ескерткіші ғана емес, сонымен қатар күнделікті сөйлеу тілі құрамындағы тірі тілдік бірлік. Мақал-мәтел – қазақ халқының рухани, даналық қазынасы. Оны оқушыға оқыту, үйрету – сол қазынадан нәр беру, рухани жағынан халыққа жақындастыру, халықтың рухани, даналық байлығын түсіну, меңгеру арқылы қазақ халқын сыйлауға бағыттау, достыққа шақыру деген сөз.

Тілді үйретудің, оқытудың, сол тілде сөйлеуді қалыптастырудың, дамытудың негізгі құралдары – оқу жоспары, оқу бағдарламасы және шеберлігі, жаңашылдығы. Тіл үйрету үшін оқушылардың жеке ерекшеліктерін, зейінін, ойлау және қабылдау қасиеттерін жақсы білу қажет. Әр оқушының қабылдау мен ойлауында жеке басына тән толып жатқан ерекшеліктері болады. Сондықтан кез келген сабақта қайсы оқушының нені білмейтінін және

оған көмектесу үшін не істеу керек екендігін жүйелі түрде есепке алып отырады. Құрғақ жаттату емес. Сол сөздердің мағынасын саналы түрде ұғындырып, ауызша және жазбаша қолдана білуге тыңдаушыларды үйреткенде ғана іс нәтижелі болады.

Сөз мәйегі – мақал-мәтелдерді сабаққа енгізудегі ең басты мақсат – жастарды биік адамгершілікке, қайырымдылыққа, жоғары жауапкершілікке, өзінің ұлтын, туған халқын, жерін, Отанын қастерлеп, оған қызмет етуге тәрбиелеу, олардың өнер-білімге қызығушылығы мен ынта-жігерін көтеру, алған білімдерін өмір, табиғат заңдылықтарымен байланыстыра отырып, тәжірибеде қолдана білуге, олардың ой-қабілеттері мен тіл шеберліктерін дамытуға, алғырлық пен ептілікке, әдемілік пен әсемдік, жақсылық пен ерлікке, өздеріне және қоғамға қажетті кәсіп түрін таңдай білуге, еңбекқорлыққа үйрету – жастар өмірінде ең қажетті мәселе болып есептеледі.

Халқымыздың атадан балаға қалдырған және ғасырлар бойы жинақталған асыл мұрасы, бай тәжірибесі, жастар арасындағы тәрбие жұмыстарының мақсаттары мен міндеттеріне байланысты жинақталған. Сондықтан тілімізге мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты тарихымызды, мәдениетімізді, бүкіл адамгершілік рухани қазынамызды ғылыми жүйеге келтіріп, оны ұрпақ, жастар тәрбиесінде орынды пайдаланатын кезең жетті.

Қазақ тілінің қыр-сырын оқушыларға грамматиканың қалыптасқан тек қасаң, құрғақ қағидаларына сүйеніп оқытуға болмайды. Себебі бұлай оқыту оқушыларды жалықтырып жібереді, әрі жаңа мағлұматтарды толық игеруге ешқандай мүмкіндік болмайды. Сондықтан да сабақтың мазмұнды, қызықты өтуі үшін оны түрлендіріп отыру керек. Оқытудың түрлі тәсілдерін тиімді пайдалану үшін әр түрлі таблицалар, үлестірмелі кәртішкелер, мақал-мәтелдер, қазақша өлеңдер, диалог түрлерін сабаққа енгізіп отырған жөн. Сонда сабақ тартымды, өз деңгейінде өтеді. Мысалы: мақал-мәтелдерді қолдану дағдысын қалыптастыру, шағын мазмұндама жазғызу арқылы тіл дамыту, мақалды жаттау және мазмұнын өз сөздерімен айтқызу ретті жерлерінде қолдана білуге, мәнерлеп оқуға, сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастыра білуге үйретеді.

Нағыз халықтық мұра, яғни, мақал-мәтел қарым-қатынаста қолданылса, оқушылар көркем сөйлеуге үйреніп, дәстүрімізді байытуға үлкен үлес қосары сөзсіз. Осы мәселені жүзеге асыру мақсатында 4 жұмыс түрлерін жүргізуге болады:

1. Мақал-мәтелдерді тілдік жаттығуларда қолдануға жаттықтыру;
2. Мақал-мәтелдерді пікірлесімде қолдануға жаттықтыру;
3. Мақал-мәтелдерді мәтін құрамында қолдануға жаттықтыру;

4. Мақал-мәтелдерді мазмұндама, шығарма құрамында қолдануға жаттықтыру.

Оқытушы оқушыларға жаңа мақал-мәтелді дұрыс айтуға дағдыландырып, мағынасын түсіндірумен қатар, оның сөйлеуде қолдануын іске асыру керек. Бұл мақсат-міндетке жету үшін мақал-мәтелдерді сөйлеуде қолдануға жаттықтыру жұмыстарын жүргізуге болады.

Мақал-мәтелдерге байланысты жүргізілетін төменгідей жаттығу түрлерін атауға болады:

а) Мақал-мәтелдің кейбір сөзінің, сөздегі дыбысының орынына көп нүкте қойып, оны толықтырып жазғызу;

ә) Мақал-мәтелдердің жартысын жазып, қалғанын оқушының өзіне жалғастыру;

б) Мақал-мәтел ішіндегі бір не екі сөзді атап, ол сөздері бар мақал-мәтелді айтқызу.

Мақал-мәтелдердің құрамындағы түсірілген сөзді, дыбысты толықтыруға арналған жаттығулар. Оқушы жаңа мақал-мәтелдің мағынасын түсініп, айтылуын меңгерген соң жүргізіледі. Және оны фонетика, морфология, т.б. тіл материалдарын өту кезеңіне байланысты қолдануға болады.

Мақал-мәтелдер тілді оқытуда арнайы жеке тақырып ретінде өтілмейді, ол тілді үйретудегі барлық тілдік тақырыптармен байланысты өтіледі. Фонетика саласын өту кезінде жаттығуда сөздегі түсірілген әріпті жазу, түсірілген буынды қосып оқу немесе оны жазу тапсырмасын беруге болады.

а) Мақал-мәтелдің жартысын тауып жазыңыз:

1. Білекті бірді жығар,

----- .

Мұндай жаттығуларды бұрын өтілген мақал-мәтелдерді бекіту, қайталау үшін қолдануға болады.

б) Мақал-мәтел құрамындағы бір сөзді ғана атап, сол сөзі бар мақал-мәтелді тапқызу. Мысалы, «өнер» сөзі бар мақал-мәтелді табыңыздар.

Морфологиямен байланысты мақал-мәтелді үйретуде мақал-мәтел құрамындағы сөздерді байланыстырушы қосымшалар тақырыпқа байланысты түсіріліп, оны қосып оқу немесе жазу жұмысын беруге болады.

Мысалы: 1. Жаттығудағы көп нүктенің орынына тиісті септік жалғауларын жазыңыз:

а) Қолда барда алтын... қадірі жоқ.

ә) Наданмен дос болғанша,

Кітап... дос бол, т.б.

2. Жаттығудағы көп нүктенің орынына тәуелдік жалғауын қосып оқыңыз, мағынасын түсіндіріңіз.

а) Ел алғысын алсаң,

Елеулі... боларсың.

ә) Қыз... саған айтам,

Келін.. сен тыңда.

Қандай жұмыс түрлері орындалса да, оның мағынасын түсіндіру, оны мәнерлеп оқу, сөзін дұрыс айтқызу жұмыстары үнемі жүргізіліп отыруы керек.

**Қазбек ӘБЕНОВ,
Ақмола облысының
Степногорск қаласындағы
“Бестөбе” кентінің
№1 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ АНЫҚТАУ

Мақсаты.	Талантты және дарынды балаларды анықтау, мұғалімдерге бағыт-бағдар беру.
Оқу нәтижелері.	Оқу үрдісінде жаңа тәсілдерді қолданудың нәтижесінде талантты және дарынды балаларды анықтау. Сабақ беру әдісі өзгереді. Оқушылар үнемі ізденіс үстінде болады.
Сергіту сәті.	«Кім жылдам?»
Түйінді идеялар.	Оқушылардың оқуға деген ынтасы артады. Топпен, жұппен, жеке жұмыс түрлеріне жұмылдыру.
Жаттығулар.	Топтар постер қорғайды.
Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл.	Постер қорғау, сұрақтарға жауап беру.

Дереккөздер.	Мұғалімге арналған оқулық.
Сабақта қолданылған материалдар.	Флипчарт, фломастерлер, бейнежазба.
Бағалау.	Топтағы мұғалімдер жеке-жеке таратылған бағалау парақтарын толтырады.

Сабақтың барысы: Ұлы ойшыл Конфуцийдің сөзін және ережені тақтаға іліп қоямын да, мұғалімдермен жылы сәлемдесіп, топқа бөлемін (3 минут).

Өзімнің қызмет істеп жүрген мектебімнің талантты және дарынды балалары туралы слайд көрсетемін де, төмендегідей сұрақтар қоямын:

- 1) Біздер не көрдік?
- 2) Нені байқадық?

Қойылған сұрақтарға мұғалімдер бірлесіп отырып жауап берді. (5 минут).

Екі топтан бір-бірден екі мұғалімді ортаға шығарып, кеменгер ақын Абайдың бір шумақ өлеңін үш түрде оқуларын өтіндім \мәнерлеп, әнімен, опера\ Өлең шумағы төмендегідей:

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.

Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап. (5 минут).

Мұғалімдерге тақырыпқа сай қысқаша шолу жасаймын. (7 минут).

- Құрметті әріптестер, тарихқа шолу жасасақ, соңғы 20 жылда дарынды және талантты деген ұғымдар басқаша түсініліп жүр. Бұл өзгерістерге 1972 жылы Америка Құрама Штаттарының Білім басқармаларында ұсынылған «Марланд есебі» түрткі болды. Есеп дарынды және талантты балалардың жоғала бастағанын көрсетіп, тіпті дарынды және талантты балаларды мүмкіндігі шектеулі балалармен қатар қойып теңестірді. Алайда, ғалымдардың есебі бойынша, бұл қауіпті жоюдың бірнеше амалдары бар екендігі анықталды. Ең негізгісі – оқу қарқыны бейімделген әрі келісілген білім ортасы қажет болды.

Слайд көрсетіледі: Мұғалімдер талантты және дарынды балаларды қалай анықтайды? (7 минут).

Постер қорғау. 1-топ – «Дарынды» балалар қандай болуы керек? (20 минут).

2-топ – «Талантты» балалар қандай болуы керек?

Топтар бірлесіп жасаған жұмыстарын қорғайды, қойылған сұрақтарға жауап береді,

Сергіту сәті: «Кім жылдам?» (3 минут).

Слайд көрсетіледі. «Көбелек сабағы» (2 минут).

Бағалау. Таратылған бағалау парақтарындағы сұрақтарға жауап береді. (5 минут).

Стикер жазу. «Екі жұлдыз, бір тілек». (3 минут).

Сабақтың соңы. Слайд көрсетіледі де, игі тілектер айтылады. (7 минут).

**Лаура ҚИЗАТҚЫЗЫ,
Қарағанды облысының
Балқаш қаласындағы
«Тілдер орталығы»
КММ-ның оқытушысы.**

ҚОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!

1-жүргізуші: - Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар, қадірлі қонақтар. Наурыз мерекесі қарсаңында өткізіліп отырған, **«Қош келдің, Наурыз!»** атты мерекелік іс-шарамызға қош келдіңіздер!!!

2-жүргізуші: - 22 наурыз – күн мен түннің теңелетін, жан-жануар төлдейтін, адамдардың ауызы аққа тиетін, жер жүзінде шаттық орнайтын күн. Наурыз – бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, өмірге нұр сыйлаған, сезімге гүл сыйлаған, халық қастерлейтін күн.

1-жүргізуші:

- Кел, Наурызым, төріме шық, думандат,
Жұрт қарасын келбетіңе қайран қап.
Табиғаттың тұмса шағы тамсантаып,
Халқым да бір жадырасын сайрандап.

2-жүргізуші:

- Кел, Наурызым, ортаймайтын ырысым,
Тәуелсіздік және өзің тынысым.

Жалғастырып ұрпақтарды ұрпаққа
Аралай бер сәнге бөлеп ел ішін!

Бірге:

- Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, ағайын!
«Бастаңғы» дәстүрі.

*(Сахнада дөңгелек үстел, көрпе жинаулы тұр.
Алма жалғыз, Гүлназ сырттан ішке кіреді.)*

Гүлназ: - Сәлем, құрбым, жәйшылық па, бұл не дайындық?

Алма: - Сәлеметсің бе, әке-шешем үйде жоқ еді.
Үйге құттықтап біреулер келіп қалама деп...

Гүлназ (сөзін бөліп): - Олай болса, бастаңғы жасайық!

Алма: - Сен барып, ауылдың жастарын шақырып кел. Мен дайындала берейін.

(Гүлназ шығып кетеді. Алма ішке кіріп көрпе жаяды. Әсем әуеннің толқынында бір топ ұлттық киім киген ауыл жастары келеді.)

(Аман-саулық сұрасып жатады, қыздарда қатарласа амандасады).

Айжан Аманқызы: - Сәлем, құрбым, амансың ба?

Айнұр Рымжанқызы: - Қош, есенсіздер ме?

Бақытжан Аладанұлы:

- Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын,

Қайда барса жол болсын!

Елена Анатольевна: - Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын!

Бауыржан Сұлтанұлы:

- Ұлыс береке берсін,

Бәле-жала жерге енсін!

Алма: - Қош келдіңдер, төрлетіндер!

Гүлназ: - Бастаңғыға қош дейміз бе?...

(Жастар жаюлы дастарханды айнала отырады).

Данияр Жетпісұлы:

- Кәне, жігіттер! Бастаңғының той бастарын бастайық!

Динара: - Олжас, көрсет өнеріңді!

(Әсем ән орындалады).

Динара (қыздарға қаран): - Жігіттер жағы ән саламыз деп ауыздары құрғап қалған болар. Бүгінгі мерекеге арнап арнайы тағам дайындаған едік, ендігі әзір болған шығар, алып келейік *(әкеледі)*.

Гүлназ: - Сіздерге арнап даярланған «Ұйқы ашар» дәмінен алыңыздар! *(Гүлназ мен Гүлназ Данияр мен Бауыржанға кеселерін ұсынады).*

Данияр Жетпісұлы (жігіттерге қаран): - Жігіттер, қапыда қалмайық, өте дәмді екен!!! Біз де қыздарға арнап «Селт еткізер» сыйлығымызды ала келген болатынбыз. Мереке құтты болсын! Қабыл алыңыздар!!! *(Жігіттер қыздарға иіс су, айна, тарақ ұсынады).*

Бауыржан Сұлтанұлы: - Сұлулар, бұл өздеріңе. Айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, иіс су – жаңа бүршігін жарған жауқазындай құлпырудың нышаны емес пе?

Жігіттер: - Иә, дәл солай, дұрыс айтасың!!! (бірге).

Данияр: - Бастанғыны әрі қарай қыздырайық, ал арулар, сендердің қолдарыңнан не келеді екен, өнерлеріңді көрейік?!

Айжан Аманқызы: - Е-е-е, несі бар, ал тамашалаңдар! (еркелей күліп).

(«Қара жорға» биін билейді).

Данияр: - Ой, бәрекелді!!!

Елена Анатольевна: - Өнерің өрге жүзсін!!!

Алмас *(осы кезде сырттан жүгіріп келеді):* - Сүйінші, сүйінші, ағам балалы болды. Атын маған қойсын депті. «Жолы болар жігіттің, жеңгесі шығар алдынан» демекші, жеңешелер, ақыл қосыңыздаршы!

Бақытжан: - Бауырым, ата-бабаларымыз бұл күні дүниеге келген қыз балаларға Наурыз, Наурызгүл, Наурызжан, ер балаларға Наурызбай, Наурызбек, Наурызхан деген есім берген екен, сен де біреуін таңдай ғой.

Алмас: - Рақмет, ағатай! Олай болса, інімнің есімін – Наурызхан қойсын деп айтып келейін! Сіздер құптайсыздар ма?

(Шығып, қайтып келеді).

Динара: - Ал, қыз-жігіттер, енді Айжан қыз бен Айнұр қыздың наурызнамалық сұрақ-жауабын тамашалайық. Келіңдер ортаға!

Айнұр: - Қане, Айжан, айта қойшы, наурызнама деген не осы?

Айжан: - Шат-шадыманды ойын-сауық той.

Айнұр: - Наурыз бата деген не?

Айжан: - Мереке күні жалпы жұртшылыққа, көпшілік қауымға берілетін бата.

Айнұр: - Наурыз төл деген не?

Айжан: - Наурызда төлдеген мал.Бұл төл басын сатпайды, ешкімге союға бермейді.

Айжан: - Ал, Айнұр, енді сен айта ғой, наурыzkөк деген не?

Айнұр: - Наурыз айында ұшып келетін құс емес пе?

Айжан: - Бәрекелді. Наурызша деген не?

Айнұр: - Наурыз айында түсетін жұп-жұқа қиықша, қырбық қар.

Динара: - Бәрекелді, арулар, наурыз туралы біраз мәлімет біледі екенсіздер. Рақмет сіздерге. Орындарыңызға жайғасыңыздар.

Гүлнұза: - Ее, жігіттер, не наурыз туралы сұрақтарға жауап бермедіңдер, той-мереке айтыссыз өте ме? Кәне, кім бар менімен айтысар?

Алмас: - Ойпыр-ай, жігіттердің қарымтасын мен қайтарайын.

Данияр: - Алмас, серілігіңді көрсет, ұятқа қалдырма бізді.

(Қыздар мен жігіттердің айтыстары басталады).

Алмас:

- Айтамын өткендердің әнін құрап,

Бітеді көл жағалай қалың құрақ.

Беу, қыздар, қанша сұлу болсаңдар да,
Қалқама жетпейсіңдер бәрің бірақ.

Гүлниза:

- Бітеді көл жағалай қалың құрақ,
Көкейге сөз қонады нанымдырақ.
Ертеңін ойламаған қыз бола ма,
Жазғанның кім түсінер жанын бірақ?

Алмас:

- Қамысы күміс көлдің үкілі екен,
Жалғанда кімнің көңілі бүтін екен?
Қырық қыз қыз ойнаққа шақырса да,
Қалқамның бір хабарын күтіп өтем.

Гүлниза:

- Намазын молдадайын қаза қылған,
Айырылып қалыпсың ғой ажарыңнан.
Бір қыздың жолын күтем деп жүргенде,
Қайтарсың құр алақан базарыңнан.

Алмас:

- Жас күнімнен өлеңге қойдым қадам,
Ескі досын ұмытады кейбір надан.
Бір сөзімді сақтаған айтар едім,
Болмағанда қасыңда бөтен адам.

Гүлниза:

- Жел тұрса, қамыс басы қозғалады,
Жібекті күте алмасаң, бөз болады.
Ілесіп жер түбіне кетер едік,
Бұйыртса басымызға бозбаланы.

Алмас:

- Құрбылар, қылмаңыздар уайым-қайғы,
Әркімнің өзі отырған жайы ыңғайлы,
Жаманның жапалақтай жөні басқа,
Жақсыдан жақсыны ешкім айырмайды.

Жігіттер: - Ой, бәрекелді! Наурыз тойында
керемет айтыс болды.

Динара: - Халайық, осы қазіргі айтыс айтыстың
қай түрі болды?

Елена Анатольевна: - Қай түрі несі, қыз бен жігіт
айтысы, әрине!!!

Толқынай: - Иә, бізде айтыстың сан түрі бар емес
пе!

Бәдік айтыс, жар-жар айтыс, жан-жануарлар
айтысы, сүре айтыс, түре айтыс, қайым айтыс, т.б.

Динара: - Расында, біздің ел айтысқа бай екен.

(Осы кезде сахнаға Ләззат Тоқтарқызы шығып,
жастарға келеді.)

Ләззат Тоқтарқызы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Наурыз мерекесі құтты болсын!

Бәрі бірге: - Рахмет апай, сізді де құттықтамыз!
Жоғары шығыңыз!

Ләззат Тоқтарқызы: - Рақмет, балалар, мен
асығып барамын.

Елена Анатольевна: - Ләззат апай, сіз қайдан
келе жатырсыз?

Ләззат Тоқтарқызы: - Балалар, мен көршімнің
баласы Мейрамбектің шілдеханасынан келе
жатырмын.

Гүлназ: - Ләззат апай, шілдеhana деген қандай той?

Ләззат Тоқтарқызы: - Гүлназ, ол – бала дүниеге келгенде жасалатын той ғой, одан кейін бесік той, тұсаукесер, сүндет той, тілашары тағы бар.

Гүлназ: - Рақмет, Ләззат апай, біліп жүретін болдым...

Ләззат Тоқтарқызы: - Ал, халайық, менің сіздерге арнаған мерекелік шашуым бар, соны қабыл алыңыздар!!!

(Ләззат апай шашу шашады).

Динара: - Ал, жастар, «жігітке жеті өнер де аз» деп бекер айтпаған ғой қазақ атамыз, манағы әнші Олжастың енді күйін тыңдайық.

(Күй орындалады).

Данияр: - Айнұр, қыз-келіншектердің әсемдік бұйымдарынан ең әдемісі қайсысы осы?

Айнұр: - Данияр, бұл қай сасқаның? Алқа, қапсырма, сырға, шашбау, түйреуіш, қай-қайсысын алсаң да керемет емес пе?

Алма: - Жүзік, білезік, қолсандық, шолпы, моншақ ше?

Толқынай: - Тамақша, талмоншақ, тұмарша, үкіаяқ, шекеліктерді айтсаңшы шіркін!!!

Данияр: - Пай-пай, шіркін, сылқымдар-ай!!!

Бақытжан Аладанұлы: - Ер жігіттің бұйымдары аз деп кім айтты!

Үкілі бөрік не зер қалпақ киіп, белбеуін тартып, оқшантайын оққа толтырып, қыннан пышағын суырған, сәйгүлікке мініп, қамшысын тартқан жігіттер де қалыспас өздеріңнен!!!

Айнұр: - Жә, жігіттер, сендерді жаман деп ешкім айтқан жоқ, әңгіме болсын дегеніміз ғой.

Айжан: - Тамақтан ала отырындар! Гүлназжан, кеше сен үйлеріңе құдалар шақырып жатырмыз деп едің, қандай ас әзірледіңдер?

Гүлназ: - Табақтың өзі – бас табақ, сый табақ, күйеу табақ, келін табағы, жастар табағы, жай табақ, тағы сол сияқты бөлінбеуші ме еді. Сол құда келгеннен кейін-бас, жамбас, орган жілік, белдеме, сүбе, қазы-қарта, жал-жая салып бас табақ тарттық.

Айжан: - Жөн-жөн, дұрыс болған екен.

Алмас: - Ал, жігіттер! Мен ортамыздағы алыстан келген Алма мен Толқынайға қонаққа айтыңыздар деп қолқа салғым келіп отыр. Сендер қалай ойлайсындар?

Данияр, Бауыржан: - Әрине, әрине!!!

Алма, Толқынай: - Әу демейтін қазақ болмайды, тырысып көрейік.

(Попури).

Бауыржан: - Беу, қыздар, әндеріңіз тамаша екен. Қандай ұлттық аспаптарда ойнайсындар?

Алма: - Өздеріңіз білесіздер, ұлттық аспаптар: шертпелі, ыспалы, ұрмалы, үрлемелі болып бөлінеді. Мен солардың ішінде домбыра, шертер, жетіген, адырна, шаңқобыз шерте аламын.

Толқынай: - Ал мен сыбызғы, сазсырнай, керней, уілдек, үскірікте ойнаймын.

Айжан: - Мен қылқобыз бен сазген шерте аламын.

Айнұр: - Мен бос уақытымда тұяқтас пен шаңқобызда ойнағанды ұнатамын.

Алмас: - Ал бізге – нағыз жігіттерге дауылпаз, даңғыра, дабыл ұнайды.

Толқынай: - Ал, енді, халқымызда саумалық дәстүрі бар емес пе, бәле-жала осымен кетсін деп мен қазір саумалық жасайын!

Саумалық, саумалық,

Жаңа келген жақсылық,

Жаңа келген мереке,

Жаңа келген береке.

Көрмедік пе, көрдік пе?

Саумалық, саумалық,

Сүт көп, көмір аз.

Өмір көп, өлім жоқ! – «қабақ сынды, қайғы кетті»

Динара:

- Оу, айналайын, халайық!

Тоя ішсін деп тамсанып,

Жеті түрлі дәм салып,

Наурыз көже пісірдім,

Оттан қазан түсірдім.

Бал көжеден татындар,

Бар қызыққа батындар.

Көктем Наурыз тойында

Құмар болып ойынға,

Іске үлес қоспаған

Ішер бір-ақ тостаған.

Еңбекқорға талапты

Қоямын қос табақты.

Асқа кәрі-жасынды

Шақырып, ием басымды.

(Ләззат Тоқтарқызы көже ұсынады).

Ал, енді, Даниярдан наурыз бата сұрайық:

Әумин! Бата берейін,

Жақсылықты терейін.

Жаңа жылда, жарандар,

Үстем болсын мерейің!

Жақсылыққа бас болып,

Ауылымызда ас болып,

Келген Наурыз құт болсын!

Жүгінелік ақылға,

Араздыққа жол беріп,

Отырмайық тақырға.

Жермен бірге жанарып,

Көңілде кір қалмасын!

Сырттағы жау жаланып,

Жағаға қол салмасын!

Есіктен кірген емініп,

Төр менікі демесін.

Еңістен келген тебініп,

Өр менікі демесін!

Наурызбенен жаңарсын

Тәніміз бен жанымыз!

Жақсы негіз қалансын

Жарасып ән-сәніміз!

«Наурыз» әні орындалады.

Шарбан САПАРҒАЛИҚЫЗЫ,
Павлодар қаласындағы
№ 27 жалпы орта білім
беретін мектептің мұғалімі.

ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫН, ЕСІМШЕ МЕН КӨСЕМШЕНІ ҚАЙТАЛАТҚАН НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: «Наурыз мейрамы» тақырыбын меңгерту. **Міндеттері:** білімділік – қысқаша мазмұндауға үйрету, сөздік қорын дамыту, «Етістіктің райлары, есімше, көсемше» тақырыптарын жетілдіру; **дамытушылық** – оқушылар өз ойын еркін жеткізе білуін, тіл байлығын, қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін жетілдіру; **тәрбиелік** – қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтай білуге тәрбиелеу. Әсемдікті сезіну, көркемдікті түсіну.

Типі: жаңа сабақ. **Түрі:** жаңа білім беру сабағы. **Әдісі:** топпен жұмыс, бірін-бірі бағалау әдісі, сұрақ-жауап. **Көрнекілік:** суреттер, кәртішкелер, кесте.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа әзірлеу. **2 мин.**

2. Үй жұмысын тексеру. Тест. **5 мин.**

3. Жаңа тақырыпты меңгеру кезеңі:

3.1. Сұрақ-жауап:

а/ Қазір қай жыл мезгілі?

ә/ Көктемде неше ай бар? Олар қандай?

б/ Қазір қандай ай?

в/ Наурыз айында қандай мерекелер болады?

– Балалар, жыл сайын біз осы мереке туралы әңгімелейміз, сендер бұл мейрам туралы көп өлеңдер, тақпақтар, нақыл сөздер білетін шығарсыңдар. /оқушылар білетін өлең, тақпақ, нақыл сөздерін айтады/. **5 мин.**

3.2. Сурет арқылы сұрақ қою. **3 мин.**

3.3. Етістіктің райларын, есімше, көсемшені қайталап шығу. **3 мин.**

3.4. Жаңа сөздермен танысып, сөйлем құрастыру: **3 мин.**

Иіс – запах;

ақ жарқын – благожелательный;

топ-тобымен – группой;

салт бойынша – по традиции;

алтыбақан – национальная игра;

көңіл – настроение;

молшылық – изобилие;

қатық – приправа;

қозғайды – припоминают;

шежіре – история.

3.5. Балалар топпен жұмыс істейді, әр топқа бағалау парағы беріледі, берілген тапсырмаларды бағалап, жалпы ұпай шығарылады.

Мәтінмен жұмыс: 10 мин.

1-топ:

1. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын түсіну.
2. Мәтіндегі көсемшелерді теріп жазу.
3. Сұрақтарға жауап беру:

а/ Жұрт қандай мерекені қарсы алуға дайындалып жатыр?

ә/ Молшылық жолы неден басталады?

б/ Жылдың басын қандай көңілмен қарсы алады?

в/ Ел бір-біріне қандай тілектер айтады?

г/ Наурыз тойында қандай ойындар ойналады?

2-топ:

1. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын түсіну.
2. Мәтіннен етістіктерді теріп жазып, райларын анықтау.

3. Берілген сөздермен сөйлем құрастыру: көже, қыдыру, мейрам.

3- топ:

1. Мәтінді оқып, мазмұнын түсіну.
2. Мәтіндегі етістіктерден есімше жасау.
3. Мәтін бойынша 4-5 сұрақ құрастыру.

4. Бекіту кезеңі.

4. 1. 1-топ: кесте бойынша әңгіме құрастыру. 5 мин.

Көктемгі мерекелер	Көктемгі ауа райы	Наурыз	Наурыз көже	Наурыз мерекесіне арналған тілектер
8 наурыз, 22 наурыз.	Қар ериді, күн жылынады, көк шығады, күн мен түн тенеледі.	Ұлыстың ұлы күні, жылдың басы, парсы сөзі.	Жеті түрлі тағамнан әзірленетін ас.	«Ақ мол болсын!», «Ұлыс береке берсін!», «Ұлыс оң болсын!».

2-топ: Мәтін бойынша диалог құрастыру.

3-топ: Сурет бойынша әңгіме құрастыру.

4.2. Оқыта-үйрету ойынын ойнау: «Даналық ағашы», 6 мин.

Оқушылар мәтінді жылдам, бірақ мұқият оқып шығуы тиіс.

Енді әрқайсысы мәтін бойынша қиын сұрақ құрап, қағазға жазады.

Жүргізушінің қолында сандықша болу керек, соған оқушылар кезегімен өз сұрақтарын салады. Мәтінді тағы бір рет жылдам оқып шығып, әр оқушы сандықшадан сұрақ жазылған қағаз алып шығады да, дауыстап неғұрлым толық жауап береді. Басқалары сұрақ пен жауапты бағалайды.

4.3. Рефлексия. 2 мин.

Оқушылардың сабақ туралы пікірлері.

Не ұнады? Не білдіңдер?

5. Үй жұмысы: Наурыз мейрамына байланысты бата, тілек сөздерін дайындап келу.

6. Оқушыларды бағалау, қоштасу. 1 мин.

Файза АҚАТАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Глубокое ауданындағы
Ы.Алтынсарин атындағы
орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ

Мақсаты: оқушыларды өнерге баули отырып, төл мерекеміз Наурыз туралы тереңірек мағлұмат беру, оқушылардың сөздік қорын молайтып, сөйлесуді дамыту, қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтеуге, одан үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, ұрандар, слайдтар, бейнефильм.

Жүргізуші:

- Ұлыс күні кәрі-жас құшақтасып көріскен,
Жаңа ағытқан қозыдай жамырасып өрістен.
Шалдар бата беріскен, «сақтай гөр» деп тілескен,
Кел, таза бақ, кел десіп, ием, тілек бер десіп.
Жаса, Наурыз айымыз! Жаса, Наурыз тойымыз!

Жүргізуші:

- Наурыз тойы тамаша, Наурыз тойы жаңаша,
Табиғат та тамаша, тамылжып тұр жараса.
Наурыз тойы – салтанат, Наурыз тойы – мархабат,
Әр жүректен ән тарап, шаттанады шартарап.

Жүргізуші:

- Наурыз мейрамдарыңыз құтты болсын!
С праздником Наурыз!

Жүргізуші:

- Наурыз – өте көнеден тойланып келе жатқан мейрам. Еліміз егемендік алғаннан бері Наурыз тойы Қазақстанның барлық жерінде тойланады. Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың Ұлы күні» деп атаған.

Ведущий:

- В Казахстане Наурыз официально празднуется с 1988 года. Начинается он в ночь с 21 на 22 марта во время весеннего равноденствия.

Ведущий:

- Наурыз – это весенний праздник, широко отмечаемый многими тюркскими народами, населяющими обширную территорию с севера на юг, с запада на восток. Наурыз – на персидском языке означает «новый день» - день пробуждения природы.

Жүргізуші:

- Наурыз мейрамы, бұл – ұлттық мейрам. Наурыз мейрамы – жаңа жыл мейрамы.

Ведущий:

- Глубоковская средняя школа имени Ы.Алтынсарина ежегодно отмечает праздник Наурыз. Сегодня среди учащихся 3-х классов будет конкурс посвященный празднику Наурыз «Наурыз Аруы» – «Мис Наурыз».

Жүргізуші:

- Бүгін біздің мектепте мереке, той-думан, Наурыз тойына арналған «Наурыз Аруы» сайысын тамашалайық.

1-сайыс – «Таныстыру». Выход и приветствие участников сегодняшнего конкурса.

Наурыз аруларын қарсы алайық.

2-сайыс – «Ұлттық тағаммен таныстыру». Конкурс – домашнее задание. Участники должны рассказать о казахском национальном блюде и угостить им: құрт, қазы, қарта, бауырсақ, тары, талқан, т.б.

Көктем жыры. Авторы – Мәриям Хакімжанова.

Көтеріп жасыл туын көктем келді,
Деміне маужыратып көк пен жерді.
Қарлы тау қаһарлана қараса да,
Етегін гүлге бөлеп өрнектеді.
Жаңарды, жасылданды жердің беті,
Құс келіп көріктенді көлдің шеті.
Мал төлдеп, баулар гүлдеп, көктеді егіс,
Ғажап қой табиғаттың құдіреті.
Бастады той-думанын жазық дала,
Күркіреп жатыр тулап сай мен сала.
Малшылар өрісінен қозы терсе,
Мәз боп жүр соны тасып бір топ бала.

3-сайыс – «Мәнерлеп оқу».

Выразительное чтение стихотворений о Наурыз.

К.Морозова О.Асқардың «Наурыз» өлеңінен үзінді оқыды.

Күй шертіліп, айтылды ән,
Би билейік бәріміз.
Наурызбенен құттықтап,
Алыс-жақын қауышты.
Көктемдегі жарқын сәт
Көңілдерге ауысты.
Күн ғой бүгін жарылған
Ақ түйенің қарыны.
Ақ дастарқан жайылған,
Лаулап ошақ жалыны.

А.Жұматаева Сәкен Сейфуллиннің «Наурыз» өлеңін оқиды.

Жүгіріп су ағысып,
Қар еріп жатыр сылқылдап.
Жазбенен келген құстар жүр,
Шаттанып жырлап сұңқылдап.
Сумандап су сай-сайдан
Ағып жатыр сылдырап.
Жас баладай алғашқы
Сөйлеген күліп былдырлап.
Адам да, мал да өзінше
Жүр жадырап далада.
Жаңа жылды қарсы ап тұр
Кәрі де, жас та, бала да.

Л.Зенкина А.Шаяхметовтың «Наурыз» өлеңін оқиды.

Наурыз тойы әдемі,
Әжем еске түсірді.
Біздерге арнап әдейі
Наурыз көже пісірді.
Ашылды да кебеже,

Дәм әзірлеу басталды.
Әжем наурыз көжеге
Жеті түрлі ас салды.
Бидай, күріш, тары бар,
Бар сүт, ет пен шұжығы.
Ащы құрты тағы бар,
Көже – елдің ырзығы...

4-сайыс – «Бауырсақ кесу». Участники должны из теста раскатать и нарезать бауырсаки. Оценивается аккуратность и опрятность.

Көрермендермен сайыс «Қаражорға» биін билету.

В этот праздничный день для Вас болельщики организовали конкурс на лучший танец «Қаражорға».

5-сайыс – «Ұлттық киім». Участникам нужно красиво и аккуратно украсить казахскую национальную одежду с помощью национального орнамента. Для этого вы используете цветные карандаши и фломастеры. Оценивается эстетичность и правильность использования орнамента.

6-сайыс – «Музыкалық нөмір» /үй тапсырмасы/

7-сайыс – «Ұлттық ойын». Участникам предлагается организовать национальную игру со своим классом.

- Әділқазылар алқасына сөз беріледі.

- Қадірлі қонақтар мен оқушылар!

Құтты болсын Ұлыстың ұлы күні,

Ылғи толсын құшаққа шаттық гүлі.

Жаңа жыл алып келсін мол жақсылық,

Тек естілсін елімнің бақытты үні!

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Наурыз құтты болсын!

Әсия ИБРАЕВА,
Қостанай облысының
Рудный қаласындағы
«№5 гимназия» мемлекеттік
мекемесінің мұғалімі.

«НАУРЫЗ – КӨКТЕМ» ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ

(3-сынып)

1-2 слайд:

Көктем мезгілі

(бейнеролик, музыка).

3 -слайд:

- Жылдың қай мезгілі?

- Көктемде ауа райы қандай?

- Көктем айлары қандай?

- Көктемде қандай мерекелер болады?

- 22 наурызда қандай мереке болады?

4-слайд:

Бүгінгі біздің сайысымыздың тақырыбы – «**Қош келдің, Наурыз!**» Би билеп, ән айтамыз, ұлттық ойындар ойнап, жарысамыз.

5-9, 11-слайдтар:

Әңгімелеу: Наурыз мейрамы.

22 наурыз – жаңа жыл мейрамы. Наурыз белгісі – қызғалдақ. 22 наурызда күн мен түн теңеледі. Күн жылынады. Адамдар ойнайды, билейді, ән айтады, бір-бірін құттықтайды. Мереке күні наурыз көже дайындалады.

(Слайд арқылы наурыз мейрамының көріністерін көрсету).

10-слайд:

Жаңа сөздер:

қызғалдақ – тюльпан;

теңеледі – равняется;

наурыз көже – угощение.

(Слайд бойынша сөйлемдерді оқытып, түсіндіру, сұрақтар қойғызып, жауап алу).

Сөйлесу:

- Наурыз мейрамы қандай мереке?
- Наурыз белгісі не?
- 22 наурызда күн мен түн не істейді?
- Ауа райы қандай болады?
- Наурызда адамдар не істейді?
- Мереке күні не дайындайды?

12-слайд:

Сергіту сәті:

Наурызда адамдар би билейді. Бүгін біз де қазақ халқының әдемі бір биін тамашалап, бірге билейміз.

(«Қаражорға» биі. Орындаушы – Әбуова Аружан).

Сайыс:

Мейрам күндері қазақ халқының түрлі ұлттық ойындары көрсетіліп, ойналады. Біз де бүгін ұлттық ойындар ойнап, жарысамыз. Сайысқа 3 «а», 3 «б» сынып оқушылары қатысады.

13-слайд:

«Қыз қуу» ойыны.

Бірінші топтан – қыз, екінші топтан ұл бала таңдалады. Қыз бір қадамға алға тұрады. Түрлі тақырыптар («Наурыз», «Ойыншықтар», «Мектеп», «Жемістер», «Жыл мезгілдері», «Құстар», «Аңдар», т.б.) бойынша балалар аттаған сайын бір сөз айтып отырады. Сөздерді тез, анық айту қажет. Көп айтқаны – жеңеді. Жеңімпазға қызғалдақ гүлі беріледі. Ойыншылар кезектесіп отырып, ойын жалғасады. Қызғалдағы көп топ жеңімпаз атанады.

14-слайд:

«Асық» ойыны.

Әр топтан 3-4 баладан шақырылып, асықтарды ұтып алу арқылы ұпай жиналады. Әр ұпайға қызғалдақ гүлі беріледі. Ойыншылар кезектесіп отырып, ойын жалғасады. Қай топта көп гүл жиналса, солар жеңеді.

15-слайд:

«Тартыс» ойыны.

Әр топтан 5 бала шақырылады. Орталарына ала жіптен өрілген кішкентай арқан беріледі. Аталған тақырып бойынша «тартыс» басталады. Әр топ сөйлем айтып, жарысады. Соңғы сөйлемді айтқан

топ жеңеді, оларға қызғалдақ гүлі беріледі. Ойын бірнеше рет кезекпен ойналады.

16-25 слайдтар:

«Алтын сақа» ойыны.

Кезек бойынша әр топ ұнаған санды таңдап алып, астында берілген сұраққа жауап беруге тиіс. Жауабы дұрыс берілсе, қызғалдақ гүлі беріледі. Қызғалдағы көп топ жеңімпаз атанады.

Сұрақтар:

22 наурызда қандай мереке болады?

Наурызда күн мен түн не істейді?

Наурызда ауа райы қандай?

Наурыздың белгісі не?

Наурызда адамдар не істейді?

Мереке күні не дайындайды?

Біз бүгін қандай ойындар ойнадық?

Наурыз туралы қандай сөздерді білесің?

Қазақ халқының қандай ұлттық тағамдарын білесің?

26-слайд:

«Айтыс».

Әр топтан бір оқушы шақырылады. Сұрақтарға қарап, «Наурыз мейрамы» туралы толық әңгіме айтып беру. Әңгімесі толық, дұрыс, қызық айтылғаны – жеңеді, қызғалдақ алады. Қалау бойынша бірнеше оқушы айтысады.

- Наурыз мейрамы қашан болады?
- Бұл қандай мереке?
- Наурызда күн мен түн не істейді?

- Ауа райы қандай?
- Наурыздың белгісі не?
- Адамдар не істейді?
- Мейрам күні не дайындайды?

27-слайд:

«Өлең айту».

Үй тапсырмасын орындау. Жаттаған өлеңдерін, әндерін ортаға салу. Орындаған оқушылар қызғалдақ гүлімен бағаланады.

Сайысты қорытындылау:

Әр топ өз қызғалдақ гүлдерін санап айтады. Қай топтың қызғалдағы көбірек, сол жеңеді.

28-слайд:

«Шашу».

Құтты болсын мереке!

Ене берсін береке!

Наурыз - көктем тойымыз!

Той дәмі мол – тойыңыз!

Шашу шашып бүгінде

Құтты болсын, Наурыз мереке!

29-слайд:

Наурыз құтты болсын!

Келген қонақтарға, балаларға, ата-аналарға шашу дәмін татқызу.

Гүлбану ЖҮНІСОВА,
Ақтау қаласындағы
№2 орта мектептің
мұғалімі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ОРЫС МЕКТЕБІ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Оқулық – білім алу құралы. Оның басты міндеті – оқушылардың білімін жетілдіру. Оқулық – бағдарламаға сай белгілі пәнге байланысты ең басты білім негіздерін беретін құрал.

Жалпы білім беретін мектептердің орыс сыныптарына арналған қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтары бірнеше рет қайта басылып шықты. Нәтижесі қандай?

Сабақ үстінде оқушылармен бірге қарындашпен қателерді түзететін жағдайға жеттік. 7-сыныптың қазақ тілі оқулығында 60-бет, **әдбен** күшейткіш үстеуін **әбден** деп өзгертсек, тәуелдік жалғаулары I ж. **-м, -ым, -м, көпше түрінде I ж. -мыз, -ымыз, -міз, -мыз** деп берілгенін көріп таңдандық. 8-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығында Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адамдық борышын» өлеңінде «болады ақын – тұл» тармағын «болады ақыл – тұл» деп түзету енгізуге тура келді. Аталмыш жағдайларды оқушыларға техникалық қателіктер деп түсіндірдік, алайда 9-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті оқулығының

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында Сарыбайды Баянның әкесі, ал Қарабайды Қозының әкесі деп берілуін қалай түсіндірерімді білмедім.

Қатыны Сарыбайдың тауыпты қыз,
Әңгіме құлақ салып тыңдасаңыз.
Кеңесіп Баян қойды қыздың атын,
Халықтан артық көріп оның затын.
Қарабай бір күндерде аң қуыпты,
Сейілмен жүрген жерін шаң қылыпты.
Қатыны өзі жоқта ұл туыпты,
Сүйінші сұрағандар даң қылыпты.

Келесі шумақта Баянның Сарыбайдан Қозыға арнап күмбез тұрғызуын өтінеді.

Аймақтағы шебердің бәрін жиып,
Тас тасып, ағаш кесіп бүліндірді.
Тұс-тұстан тасын өртеп, кірпіш құйып,
Көп шығын Сарыбайға іліндірді.

Күмбез салғанда тасты өртеу емес, тасты өру керек шығар...

Аталмыш оқулықтағы «Жыраулар поэзиясы» тақырыбы бойынша Бұқар жыраудың өмірі мен шығармашылығы берілген. Бұқар жырау 1693-1787 жылдар аралығында өмір сүргендігі көрсетілген. Әрі қарай былай делінген.

«Бұқар жырау жайлы сақталған мәліметтерге қарағанда, 1668 жылы қазіргі Баянауыл ауданы Павлодар облысы Далба тауының баурайында туып, 1781 жылы өз елінде қайтыс болған». Екі түрлі мәлімет бойынша туылған жылында 25 жылдық айырмашылық болуы мүмкін бе? Сонымен бірге «... Баянауыл ауданы Павлодар облысы Далба тауының

баурайында...» атты сөз тіркестері жүйесіз әрі түсініксіз құрылған. Дұрысы – «Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Далба тауының баурайында» болуы тиіс.

Бұдан өзге 7-сынып оқулығының грамматикалық тақырыптарында ешқандай жүйенің сақталмауының куәсі болдық. Мәселен, тұйық етістік жөнінде мәлімет VI модульде берілсе, тұйық етістіктің емлесі XIX модульде беріледі. VII модульде өздік етіс, XIV модульде ырықсыз етіс, XV модульде ортақ етіс тақырыптары берілген. Өзгелік етіс туралы мәлімет жоқ. XV модульде реттік сан есім, XVII модульде топтау сан есім туралы айтылады да, XIX модульде сан есім тақырыбы толық беріледі.

Онда тұрған не бар деп ойлауыңыз мүмкін. Мәселе – сонда, XVIII модульдің нәтиже сабағында тест сұрағы мынадай:

Берілген сөйлемдегі сан есімнің түрін табындар:

А) есептік;

Ә) жинақтық;

Б) болжалдық;

В) топтау деп көрсетілген.

Сонда сан есім туралы жалпы мәліметті сұрақ қоймастан бұрын беруге болмас па еді? Осы оқулықтың 57-бетінде берілген тест сұрақтары мен VI модульдің деңгейлік тапсырмаларында туынды сын есімді, күшейткіш үстеулерді табындар делінген. Алайда, туынды сын есім, күшейткіш үстеу туралы мәлімет келесі сағаттың еншісінде болып шықты. XIX модульдің нәтиже сабағында берілген келесі сұраққа назар аударыңыз.

Тілді ұмытып қалмау үшін не істеу керек?

А) Ұлттық киім кию керек;

Ә) Мектепте қазақша сөйлеу керек;

Б) Үйде қазақша сөйлеу керек;

В) Көшеде қазақша сөйлеу керек.

Сонда оқушы қай нұсқаны дұрыс деп табуы керек?

Әлде 3 нұсқасы дұрыс болатын тест сұрағын бұрын-соңды көріп пе едіңіз?

Осы оқулықтағы 115-бетте ұлттық киімдер тақырыбында «кимешек – жас келіншектердің бас киімі» делінеді. Кимешек – егде жастағы әйелдердің бас киімі. Оны әжелеріміздің басынан көретінбіз.

Оқулықтың 47-бетінде «Ананың сүюі» өлеңі берілген.

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,

Қуанышыңа қуанып, күйетұғын.

Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,

Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.

Авторы Ыбырай Алтынсарин деп көрсетілген. Бұл Міржақып Дулатовтың «Шешенің балаларын сүюі» деген өлеңі еді.

«Бұл қалай?» деп оқыту әдістемесіне жүгіндік. Әдістемеде Ы.Алтынсариннің берілген өлеңін негізге ала отырып, аналарының өз өмірлеріндегі орынын сипаттап айтып беру деген тапсырманы көрдік.

Орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәнінің берілісі үнемі сынға ұшырап жатады. Ал, бүкіл республика оқушыларының қолындағы аталмыш оқулықтардың сапасына кім жауап беруі керек? Бұл әзірге жауабы жоқ сұрақ болып тұр.

Айжан ИБРАЕВА,
Ғабит Мүсірепов атындағы
№43 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы.

АНА – НАМЫС ПЕН АДАМГЕРШЛІКТІҢ, АСЫЛДЫҚ ПЕН ҰЛЫЛЫҚТЫҢ БЕЙНЕСІ

Мақсаты: сөз зергері, даланың дара суреткері – Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығынан алған білімдерін шыңдай отырып, ана бейнесін ашу.

Міндеттері: білімділік – күнделікті қолданыста көп қолданбайтын ескі сөздерді біліп, олардың мағынасын түсіндіру; **дамытушылық** – оқушылардың өз пікірлерін ашық айтуға дағдыландыру. Топпен жұмыс істеу барысында мәтіннің үзінділерімен, жаңа түсініктермен жұмыс істеу дағдыларын пысықтау. Шығармашылық ізденіске бағыттау, ізденімпаздық ой-өрісін арттыру. Ауызекі сөйлеу мәнерін, білімін жүйелеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын байыту; **тәрбиелік** – оқушыларда белсенді тіршілік ұстанымын, азаматтық идеяны

тәрбиелеу. Ақ сүтімен бүкіл дүниені асыраған, шексіз махаббат иесі – ананы ардақтауға баулу. Ғабит Мүсіреповтің аналар туралы әңгімелері арқылы, оқушыларда өз аналарына деген сүйіспеншілік құрметін арттыру. Ана туралы әңгімелердің идеясы негізінде оқушыларды адамгершілік қасиеттерге, мейірімділікке тәрбиелеу. Өз Отанын сүйуге, ата-ананы құрметтеуге баулу.

Түрі: пікір сайыс, ойталқы, шығармашылық сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, жинақтау, миға шабуыл, талдау, топтастыру, жатқа айту.

Көрнекілік: Ғ.Мүсірепов портреті, интерактивті тақта, компьютер. Слайд топтамалары.

Ғабит Мүсіреповтің шығармалар көрмесі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, әріптестер, оқушылар.

«Адамда қасиет болса,

бәрі – күннің көзі мен ананың сүтінен алынған қасиет».

Ғ.Мүсірепов.

II. Ғабит Мүсірепов туралы.

Оқушылар дайындығы (слайд).

Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы – ойшыл жазушы, әдебиеттанушы, мемлекет және қоғам қайраткері. Ол – қазақ әдебиетіндегі «алыптар тобының» ақиығы, көзі тірісінде халқының құрметіне бөленген сүйікті жазушы.

Мүсірепов өзінің көркем шығармашылығымен біздің ана тіліміз – қазақ тілінің байлығын, тазалығы мен сымбаттылығын көрсете білген.

Зейнолла Қабдолов Мүсірепов туралы былай деген:

«Ғабит Мүсірепов – ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден «Мүсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек».

Әлі де талай замандар өтеді. Талай-талай толқындар кезекпен ауысып, талай-талай ұрпақтар келеді. Сол кезде халқымыздың бір тұстағы бел-белесіне үңілер адам болса, Мүсірепов шығармашылығына соғатыны айдан анық.

III. «Ана» тақырыбының негізгі идеясы: Қазақтың ұлы жазушысы, сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің аналар туралы әңгімелері арқылы ақ сүтімен бүкіл дүниені асыраған, шексіз махаббат иесі – ананы ардақтайық.

Ана тақырыбы – үлкен де ауқымды тақырып, оны әр адам өзінше жырлайды, бейнелейді.

Ғабит атамыз «ана» деген қасиетті сөзді әр шығармасында суреттеп, біздің көз алдымызға әкелді.

- «Менің атым – әйел. Бәрің де анадан тудыңдар!» – деп мен де айта аламын.

Жазушы әңгімелерінде қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлтымыздың тән ерекшелігін, қазақ әйелінің басқаларға ұқсамайтын қасиеттерін баяндайды.

Ғабит Мүсіреповтің анасының бейнесі слайд арқылы көрсетіледі.

Есейе келе жас қаламгер орыс жазушысы М.Горькийдің шығармашылығына көп көңіл бөлді. Аударма, тенеу туындыларында Ғабит Мүсірепов «ана» тақырыбын кеңінен көрсете алды.

Соның бірі – бүкіл әлем анасының бейнесі (үзінді «Анадан») –

Ана

(Мүсірепов шығармашылығынан)

Дүниеде әйелді құрметтеп, әйелді нұрға бөлейік те! Әйел – ана, дүниедегі жалғыз күш қой: оның алдында Азияның айбарлы арыстаны – Темір де, Темірді жеңген өлім де басын иеді.

- Гүл мен жұлдыз жайындағы өлеңнің бәрі сүю жайындағы өлең болады. Бірақ адамның анасы, өмірдің мықты бәйтерегі ана жайындағы өлең әлі айтылған жоқ! – дейді Ақсақ Темір.

Бұл шындық қой. Өйткені қай анадан сұрасаң да:

- «Біз өлімнен күштіміз, біз дүниеге ақын да, ақылды да, данышпан да, ер де береміз. Өлім адам баласын құртуға тырысса, біз оны жеңіп, адам баласын көбейтеміз!»

IV. Топпен жұмыс:

1-топ: «Ашынған ана» әңгімесі.

Ақлима

2-топ: «Ақлима» әңгімесі.

1. «Ашынған ана» новелласы 1916 жылдың оқиғасына байланысты бір эпизодты суреттеуге арналған. 1916 жыл әкелген қасірет Қапия ананың да иығына батқан. Оның жан дегенде жалғыз ұлы қара жұмысқа алынатын болады. Содан Қапия айла – амалды, әрекетті қолданып, қалайда баласын аман алып қалуды көздейді. Осы жолда көп азаптар шегеді. Қатты бұлқынған ашу үстінде болысқа және оның қасындағыларға қарсы пышақ та жұмсайды. Көп уақыт абақтыда қамалып жатады. Бірақ ешқандай күш оның жігерін жасыта алмайды. Міне, балаға деген сүйіспеншілік, зорлыққа қарсы өшпенділік қарапайым ананы орасан ерліктерге алып барған.

Сұрақтары:

1. Әңгіменің негізгі кейіпкерлері кімдер?
2. Бұл әңгімеде ана қандай қиындықтардан өткен екен?
3. Ананың бейнесін, батыл ісін қандай сөздермен суреттеуге болады?

Балаға деген махаббаты қалай екен?

Оқушылар жауап береді:

Қорытынды: Шығармадағы Қапия ананың белгісі: Қапия ананың белгісі күннің көзі және бұлтпен көрсетілген. Жайылған алақанымен ана бәрін жеңіп, баласын сақтауға дайын. Ана жеңіске жетеді.

Соғыс кезінде бір тілекті адамдар бір ғана түн бірге түнеп шықса да, бірінің қуаныш-қайғысына бірі оп-оңай ортақ болып қала берді. Осы пәтерде екі айдан бері көрші тұратын Ақлима мен Нұрила да көп сырларына ортақтасып кеткен жандар еді. Үміті үзілуге айналған Ақлима апайға майданнан хат келді. Бірақ өз баласы Қасым туралы келген қара қағаз сандықтың түбінде жатса да, мәңгі үзілмес ана үміті «балаң, міне, тірі табылды!» - деп, торғайдай шырылдады.

Көрініс: «Жауынгер хаты».

- Апа, апатайым-ай, сағындым ғой. Апа, сені Қарағандыдан тапқаным әрі қуандым, әрі қиналдым. Осы хатты жазуға маған бір ауыр сын болды.

- Мен бұл соғыста қырық екі мың тоғыз жүз қырық тоғыз километр жер жүрдім, апа.

- Апа, қуаныш-қайғыға бірдей, берік, ер болатын едің.

...Түн еді, апа. Үшінші түн еді. Бұл түн менің ең соңғы көрген дүнием болғандықтан, көп нәрселер әлі көз алдымда тұрады. Көп оқиғалар үстінде болдық.

Танкінің іші көк буалдыр тартып, ішке тартқан деміңнен жылбысқы иісі келе бастады.

Шашым, бет-ауызым, үсті-басымды, көзімді уқалай бастағанымды білемін. Қозғала бергенде, екі аяғым орынынан табылмай, құлап түскенімді білемін. Оның ар жағын алты ай, он күннен кейін ғана түсіндім.

...Қазір, апа, курорттамын. Аяқ жасату үшін кесілген сүйектерді шынықтыруға балшыққа түсіп жатырмын. Қай күні хатың келсе, сол күні ұшамын Қарағандыға...

Көріскенше, құшағыңды сағынған балаң – Сапар.

Сұрақтары:

1. Сапардың хатын алғаннан кейін Ақлима қандай жағдайда болады?

2. Ақлиманы «нақты» ана деп айтуға бола ма?

Оқушылар жауап береді.

- Ақлима ананың бейнесі сәбидің бесігімен және күн мен түннің белгісімен көрсетілген. Бұл таңбада Ақлима апай бүкіл әлемнің балаларына әрқашан ана болуға дайын екенін білдіреді.

V. Ғабит Мүсіреповтің қазақтың әйел-ана бейнесін көрсеткен тағы басқа шығармалары (слайд арқылы).

VI. Ана туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер? (ауызша жауап беру)

VII. Өз аналарың туралы не айтасыңдар?

VIII. Қорытынды: - Жазушы Мүсіреповтің ана туралы әңгімелері – жас ұрпаққа қалдырған асыл қазына. Егер, өздеріңе осы сабақтан үлгі алсаңдар, аналарыңды қадірлей білсеңдер, болашағымыз жарқын болады.

Ана тақырыбына өзгеше өрнек әкелген Ғабит атамыз – аса зор құрметке ие болуға лайық тұлға.

Мейрам ӘБІЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Петропавл қаласындағы
№1 лицейдің
қазақ тіл мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МАХАМБЕТ – БАТЫР АҚЫН

(10-сынып)

Мақсаты: Махамбет Өтемісұлының өмірі, шығармашылығы туралы орнықты білім беріп, өнегелі қасиеттерін бойында қалыптастыруға ықпал ету.
Міндеттері: оқушылардың сөйлеу тілін, сөздік қорын және өзіндік жұмыс істеу дағдысын дамыту. Отаншылдыққа, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Әдіс: сұрақ-жауап, баяндау, талдау, мәтінмен жұмыс.

Жұмыс түрі: интерактивті тақтамен, постермен жұмыс, жұптық және топтық іс-әрекет.

Көрнекілік: ақын портреті, бейне материалдар.

Пәнаралық байланыс: тарих, география.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (1 минут).

II. Үй жұмысын тексеру: (интерактивті тақтаға жазылған сұрақтарға жауап беру, 8 минут).

1. XIX ғасырдың I жартысында қазақ елінің жағдайы қандай еді?

2. Қай жылы қазақ жерінде хандық жойылды?

3. Қай жұрналда қазақ ауылын отарлаушылар туралы қандай пікір айтылды?

4. Жазушы, ғалым В.И.Даль қазақ халқына қандай баға берген еді?

5. XIX ғасырдың I жартысына жататын әдебиет өкілдерін атаңдар?

6. Ақын-жыраулар өз жырларында нені жырлады?

III. «Миға шабуыл» стратегиясы.

- Балалар, қазақ халқының қандай батыр ұлдарын білесіңдер? (1 минут).

IV. Жаңа сабақ: Мұғалімнің сөзі (2 минут).

- Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: Махамбет – батыр ақын.

(Сабақтың тақырыбын атап, эпиграфын жатқа оқу).

Эпиграф:

Бостандықты аңсаған,
Тәуелсіздікке жол салған,
Батыр ақын Махамбет,
Ұмытпас сені ұрпағың.
Шығасың ылғи қарсы алдан!

Өйткені тірі ерлігің,
Ұмытпас сені ұрпағың.
Өнеге – текті өрлігің,
Азаттық әнін шырқадың!

Сөздікпен жұмыс:

қамын жеді – позаботился;

ерлік – подвиг;

мерейтой – юбилей;

қара халық – простой народ;

күрес – борьба;

даттаушы – разоблачитель;

ақылшы – советник;

рух – дух;

жәбір – насилие, притеснение;

қатыгездік – жестокость;

палуан – борец;

бұқара – масса.

– Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы өздеріңіз топта жұмыс істеу барысында танысасыздар. Сіздерге бүгінгі тақырып туралы ақпарат - мәтінді таратамын. Мәтінді топта оқып, түсінгендеріңді постерге түсіріп, тақта алдында қорғайсыздар.

Топпен жұмыс (15 минут).

I топқа берілетін мәтін: Махамбет Өтемісұлының өмірбаяны.

II топқа берілетін мәтін: Махамбет – көтерілістің рухани көсемі.

III топқа берілетін мәтін: Махамбеттің өлеңдері.

(Тақта алдында қорғаған топтардың мәтінін барлық топтар дәптерлеріне жазып отырады. Егер сұрақтар туындаса, сұрақ қоюларына болады.)

V. Мұғалім: - Балалар, енді өздеріңіз қорғаған постер бойынша диалог құрастырамыз. (Ол үшін балаларға жасыл, қызыл, сары түстерді таратып, қайтадан топтарға бөлемін, 3 минут).

VI. Сергіту сәті (1 минут).

Мұғалім: - Біз бүгінгі сабақта Махамбет Өтемісұлының өмірбаяны, шығармашылығы туралы мәліметтер алдық. Махамбетті жай ғана ақын емес, батыр ақын екенін білдік. Ақынның елін, халқын, жерін шексіз сүйетіндігін, қазақ халқының жоқтаушысы екенін білдіңіздер. Ақынның “Толарсақтан саз кешіп”, “Ұлы арман”, “Қызғыш құс”, “Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны”, “Ереуіл атқа ер салмай”, т.б. өлеңдерімен таныстыңдар. Махамбет – ерлік тақырыбын жеріне жеткізе жырлаған ақын. Оның ұғымынша, ерлік - елі үшін туып, өмір сүрген адал перзенттің қасиеті. Махамбет ерлік белгісі - сөз емес, іс деп білген, халықтың кегін үйде отырып айтқан сөзбен қорғамай, жаулармен майданда қасық қаны қалғанша шайқасу екенін жете ұққан. Халыққа бостандық, тәуелсіздік әперу оңай шаруа емес екендігін жырлап өткен қаһарман ақын.

1836-1838 жылдары Исатай батыр бастаған көтерілістің басы-қасында болып, сарбаздарға жалынды, өткір өлеңдерімен күш-қуат беріп, майданның қақ ортасында жүрген. Өкінішке қарай, күш тең болмағандықтан көтеріліс жеңіліс тапты. Исатай батыр қаза табады. Ал Махамбет ақын 1846 жылы жауларының қолынан Қараой деген жерде мерт болады. 2003 жылы, ЮНЕСКО шешімі бойынша, елімізде Махамбет ақынның 200 жылдық

мерейтойын атап өттік. (“Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны” өлеңінен жатқа үзінді оқып беру (3 минут)).

VII. Қорытынды (интерактивті тақтаға жазылған сұрақтарға жауап беру, 5 минут):

1. Махамбет Өтемісұлы кім?
2. Махамбет ақын қай жылы, қай жерде туған?
3. Қай рудан шыққан?
4. Өтемістің неше баласы болған?
5. Махамбет бала кезінен қалай өскен?
6. Махамбет қандай тілдерді білген?
7. “Исатай – Махамбет” көтерілісі қай жылдары болды?
8. Махамбет ақынның арманы не еді?
9. Ақын арманы орындалды ма?

VIII. Бағалау (1 минут).

IX. Үй жұмысы: 1. Махамбет ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мазмұндау.

2. “Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны” өлеңінен үзінді жаттау.

X. Мұғалімнің қорытынды сөзі: - Балалар, бүгінгі сабағымызды мынадай өлең шумақтарымен аяқтағым келіп тұр:

Махамбет – рух ұлтыма,

Кеудесін жауға бастырмас.

Хандардың өш құлқына,

Адымын қастың аштырмас.

Махамбет – ақбас Алатау,

Айдан да асқан айбыны.

Махамбет – қайтпас Қаратау,

Қылышы жеңген қайғыны!

Әсем КАПЕНОВА,
Астана қаласындағы
№55 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖҰМБАҚТАР

Мақсаты:	Жұмбақ туралы толық мәлімет беру, жұмбақ түрлерін меңгерту, жұмбақ – сөздің көркі екенін ұғындыру.
Міндеттері:	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмбақтар арқылы оқушыларды тапқырлыққа, байқағыштыққа үйрету; • Шығармашылық жұмыстармен ойлау қабілетін арттыру; • Халық ауыз әдебиеті бойынша білімін тереңдету.
Оқыту нәтижесі:	Топтасып жұмыс жасауға үйренеді, өз-өзіне деген сенімділік көзқарас қалыптасады, зерттеуге, зерделеуге үйренеді.

Тақырыпты ашуға байланысты әдіс-тәсілдер:	Психологиялық іс-әрекет, жеке жұмыс пен топтық жұмыс әдісі, диалогтік оқыту.	
Көрнекілік пен дерек-көздер, құрал-жабдықтар:	Интербелсенді тақта, плакат, бағалауға арналған жұлдызшалар, бейне арқылы қойылған басқа сынып оқушыларының сұрақтары, оқулық.	
Пәнаралық байланыс:	Орыс әдебиеті.	
Сабактың түрі:	Жаңа материалды меңгерту.	
Сабак кезеңі	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
1. Ұйымдастыру:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сәлемдесу. 2. Түгелдеу. 3. «Ертегі», «Мақал», «Жұмбақ» сөздері арқылы топқа бөлу. 	Оқушылар берілген сөздер бойынша топқа бөлінеді.

2. Тренинг:	1. Бір-біріне әдемі сөздер айтқызу.	Оқушылар бір-бірінің қолынан ұстап, әдемі сөздер айтады. Мысалы: Әділ, сен әдемісің!
3. Үй жұмысына шолу:	Қазақ халық ауыз әдебиетін еске түсіру, оның түрлерін атап айту.	Әр оқушы өз мәліметтерімен бөліседі.
4. Өтілген материалды еске түсіру:	1. Ойқозғау (ассоциация): 2. Түрлерін атау:	Қазақ халық ауыз әдебиеті ↓ ↓ ↓ ↓ Мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, т.б.

	1. Бейнесюжетте берілген сұрақтарға жауап беру (мектебіміздің қазақ сыныптарында оқитын оқушылардың қойған сұрақтары).	1. Фольклор дегеніміз не? 2. Халық ауыз әдебиеті қалай тараған? 3. Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмашылығы қандай? 4. Халық ауыз әдебиетінің маңызы қандай?
1. Жаңа тақырып:	Жұмбақтар: 1. Жұмбақ дегеніміз не? 2. Жұмбақ неге үйретеді? 3. Қазіргі кездегі жұмбақтар қандай?	Оқушылар осы сөздерге жауап беру үшін жан-жақты зерттеп, постер қорғайды.

2. Тапсыр-малар:	1. Берілген жұмбақтардың тақырыбын анықтау.	1. Ерте тұрады, Жар салады. 2. Көреді бәрін өзгенің, Көре алмайды өздерін. 3. Бір үйде көп бала, Біреуі – көк бала, Біреуі – қызыл бала, Біреуі – сары бала.
	2. Берілген сөздерге жұмбақ жасыру.	Мысалы: «доп». Өзі – дөңгелек, Кішкентай әңгелек. Онымен футбол, Ойнайды волейбол.
	3. Әріп жұмбақты шешу.	Тайда бар, сайда жоқ, Түнде бар, күнде жоқ. («Т» әріпі). Кітапта бар, дәптерде жоқ, Кабинетте бар, сыныпта жоқ. («К» әріпі).

		Тарақта бар, шашта жоқ. Тырнақта бар, қаста жоқ. («Р» әріпі) Мұрында бар, сирақта жоқ. Құлында бар, керікте жоқ. («Ұ» әріпі)
	4. Интербелсенді тақтадағы сөзжұмбақты шешу:	Тақтада берілген сөздерді анықтаған кезде «Жұмбақ» деген сөз шығады.
	5. Сабақты қорытындылау. 6. Үй тапсырмасы. 7. Бағалау.	

Айжан ӘЛБЕКОВА,
Солтүстік Қазақстан облысының
Қызылжар ауданындағы
Налобин орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТАТЫН ДҮКЕНДЕР

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: азық-түлік, базар, әмбебап дүкендері туралы түсінік беру, олардың қазақша атауларын дұрыс айтып, жазуға үйрету. **Міндеттері:** **білімділік** – сын есімге сатылай кешенді талдау жасай алу; **дамытушылық** – оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыра отырып, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту және ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – топта жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа үйренеді.

Түрі: саяхат сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, жазбаша, ауызша, жеке, топтық, жұптық жұмыстар. **Көрнекіліктері:** сызба, тапсырмалар, суреттер, слайдтар, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

«Танысу» тренингі.

Мұғалім: - Мен – сабырлы Айжанмын.

Оқушы: - Мен – ақылды Андреймін.

Оқушы: - Мен – әдемі Виолеттамын (кішіпейіл, ұқыпты, ...).

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Семантикалық картаны толтыру.

Сөздер	Ілік септігі	Барыс септігі
дүкен		
сатушы		
тоңазытқыш		
пияз		

Бағалау. Бір-бірінің жұмыстарын тексеріп, бағалау. Бағалау парағына бағаларын қояды.

Топқа бөліну. Сатып алу орындарының түрлері.

Қағаздар таратып, сұрау:

- Топқа қалай бөліндік?

- Топқа қандай ат берейік?

1-топ: әмбебап (тоңазытқыш, ер киімі, әйел киімі).

2-топ: азық-түлік (сүт тағамдары, ет тағамдары, нан тағамдары).

3-топ: базар (жеміс, көкөніс, жидек).

III. Жаңа сабақты жариялау, мақсатымен таныстыру.

Мұғалім:

- Бүгін модульдің соңғы сабағын саяхат түрінде өткіземіз. (Қорытынды жасап, білімін тексеру). Сан алуан аялдамада түрлі тапсырмаларды орындаймыз. Ал, енді, сабақтың тақырыбын, мақсатын анықтайық.

Слайдқа қарап, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын айтайық.

(Слайдта сын есімді сатылай кешенді талдаудың үлгісі берілген).

Біз топтық жұмыс жасаймыз.

I топ – «Әмбебап».

II топ – «Азық-түлік дүкені».

III топ – «Базар».

Топтық жұмыс:

Әр топ бір тапсырмадан орындайды.

Оқушылармен бірге сабақтың мақсаты бойынша күтілетін нәтижені шығару:

Сын есімге сатылай кешенді талдау жасау.

3 түрлі дүкендер қайда орналасқан?

Сатушымен сөйлесе алады.

Мұғалім: - Қазір тақтаға қарап, мына аялдамаларға тоқталамыз.

1-аялдама. Сатылай кешенді талдау жасау;

2-аялдама. Әңгімелеу;

3-аялдама. Демалайық;

4-аялдама. Сөйлесу.

Бағалау парағымен таныстыру.

Ережелерді еске алу.

Бағалау өлшемдерін құрау.

Сын есімнің анықтамасын айту.

1-аялдама. Сатылай кешенді талдау жасаймыз.

Ол үшін бірінші қайталайық, содан соң слайд бойынша талдайық.

- Сын есім деген не?

- Сұрағы қандай?

- Құрамына қарай қандай түрге бөлінеді?

- Тұлғасына қарай қандай түрге бөлінеді?

- Мағынасына қарай қандай түрге бөлінеді?

Сатылай кешенді талдау жасайық:

I топ *кең, майлы* сөздеріне;

II топ *жарық, сүтті* сөздеріне;

III топ *арзан, қымбат* сөздеріне.

Дарынды оқушы тапсырманы тақтада орындайды. (ақылды, жас).

Нашар оқитын оқушыға дарынды оқушы көмек көрсетеді.

Бағалау. Бағалау қағазына бағаларын қояды.

Мұғалім: - Өте жақсы, енді келесі аялдамаға көшеміз.

2-аялдамаға – «Әңгімелеу».

Бірінші топқа, топ атауы бойынша, қатесі бар сөйлемдер беріледі. Оқушылар қатесін тауып, сөйлемдерді дұрыстап оқу керек.

Екінші топ флипчарт-қағазда мәтін бойынша кластер жасап, әңгімелеу керек.

Үшінші топ екі тақырып бойынша флипчарт-қағазда Венн диаграммасын жасап, ұқсастығы, айырмашылығы туралы айтулары керек.

Дарынды оқушы әр топтарға барып көмектеседі.

Жұмыстың барысында әр топтағы нашар оқитын оқушымен жұмыс жүргіземін.

(Осы тапсырмада не істеу керектігін, жұмыстың барысын сұрау).

Бағалау. Бағалау қағазына бағаларын қою.

– Өте жақсы! Ал енді біраз демалайық.

Ол үшін келесі 3-аялдама – «Демалайықта» жаттығу жасаймыз.

Сергіту сәті.

– Бәрекелді балалар! Бойымызды жазып алдық.

4-аялдама – Сөйлесу. Әр топтан бір жұп шығып, сатушы мен сатып алушы болып рөлдік ойын көрсетеді.

I топ азық-түлік дүкенінен көрініс көрсетеді.

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Мынау қандай дүкен?
- Бұл – азық-түлік дүкені. Не аласыз?
- Мен ірімшік, шай, сүт сатып аламын.
- Сүт қанша тұрады?
- Бір литр сүт жүз теңге тұрады. Міне, алыңыз.
- Рахмет, сау болыңыз!
- Сау болыңыз!

II топ киім дүкенінен көрініс көрсетеді.

III топ базардан көрініс көрсетеді.

Бағалау: Бағалау қағазына бағаларын қою.

IV. Сабақты қорытындылау: - Балалар, бүгін сендер жақсы жұмыс жасадыңдар.

- Қане, менің сұрақтарыма жауап беріңдерші.

Сабақтың тақырыбы қандай?

- Қандай дүкендерге саяхат жасадық?

- Қант, шай, май, шұжық қай дүкенде сатылады екен?

- Тоңазытқыш, ерлер, әйелдер киімі қай дүкенде сатылады?

- Сүттің литрі қанша тұрады? Еттің бір килограммы қанша?

- Өте жақсы.

VI. Бағалау. Бағалау парағы бойынша оқушылар топта бір-бірін бағалайды.

№	Аты	Үй тапсырмасы	1-аялдама	2-аялдама	4-аялдама	Белсенділігі
1-топ	1					
	2					
	3					

VII. Үйге тапсырма. «Дүкендер» тақырыбына шығарма жазу:

- 7-9 сөйлемнен кем болмауы тиіс;
- Әңгімеде 3 түрлі дүкен туралы айтылу керек.

Күлжамал НҰРАХМЕТОВА,
Астана қаласындағы
№21 орта мектептің мұғалімі.

ЛЕКСИКАДАН ӨТКЕН ЕРЕЖЕЛЕР НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ ЖҰМЫСЫН ЖҰРГІЗУ

Мақсаты: танымдық өрісі мен пәнге деген қызығушылығын жүйелі түрде дамыту. **Міндеттері:** оқушылардың сауаттылығы мен бейімділігін қалыптастыру арқылы білім беру, сызба жұмысы арқылы материалдан негізгі тұстарын анықтай білуге және жүйелі түрде жауап беруге дағдыландыру, берілген тапсырманы уақытында талапқа сай орындауға дағдыландыру нәтижесінде оқушылық міндеті мен тұлға ретінде жауапкершілігін арттыру.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру. **Пәнаралық байланыс:** география, табиғаттану. **Көрнекілігі:** сөзжұмбақ, тақта, тапсырма кестесі. **Жұмыс түрлері:** жеке, жұптық, топтық, ауызша, жазбаша.

Сабақ барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) сәлемдесу;
- ә) кезекшімен сөйлесу;
- б) сабаққа дайындығын тексеру;
- в) сабақ мақсатымен, барысымен таныстыру.

Мұғалім сөзі:

- Бүгін біздер лексика саласы бойынша өткен ережелерді есте сақтау және сауатты түрде айтып, әрі жаза білу мақсатында дүниетанымымызды дамытатын тақырып арқылы жұмыс түрлерін орындаймыз. Тақырып атауын табатын сөзжұмбақты шешеміз. Тақтада берілген тапсырма кестесіндегі әрбір бағананы керекті сөздермен толтырамыз. Сол сөздерден сөз тіркесі мен сөйлем құраймыз. Сөйлемдерді біріктіріп барып, мәтін құрамыз. Тапсырма барысында айтылған әрбір сөз аудармасымен қатар айтылып отырылуы керек.

Жаңа тақырып: «Көктем» (қайталау сабағы). Лексикадан өткен антоним, омоним, синонимдер ережесін айтқызу. Қайталаған ережелер бойынша жұмыс жасау үшін оқушылар жаңа тақырыпты сөзжұмбақ арқылы табады.

Жасырылған сөздер тізбегі:

- 1) дара сан есім (екі);
- 2) теңіз де емес, көл де емес (өзен);
- 3) «шеше» сөзінің сыңары (әке);
- 4) «кел» сөзінің қарсы мағынасы (кет);
- 5) камень сөзінің аудармасы (тас);
- 6) сөзсіз түсіндіру (ым).

(Сөзжұмбақты мұғалімнің жетекшілігімен шешеді. Тақтаға оқушылар жазады).

Мұғалім сөзі:

- Өмір – қозғалыс. Қозғалыс – іс-әрекет. Іс-әрекеттік ереже тілімен айтқанда морфология саласына жататын сөз тобының бір түрі – «етістік». Демек, біз «етістіксіз» өмір сүрмейміз. Олай болса, тиісті сөздерді етістіктен бастаймыз (Тақырыпқа қатысты тақтаға сызылған кестені керекті сөздермен толтырады).

Кесте мысал

Табиғат құбылысы		Жаңа жыл (наурыз айы)		Тұрмыс-тіршілік	
зат есім	етістік	зат есім	етістік	зат есім	етістік
жел, шаң, жаңбыр, гүл, т.б.	тұрды, жауды, көте-рілді, т.б.	көже, бәйше-шек, қар, шөп, ағаштар, құстар, т.б.	жауды, бүр жарды, келді, шықты, өсті, т.б.	су, кино, кітап, кір, аула, үй, қозы, лақ, т.б.	әкелдім, құйдым, бардым, оқыдым, алдым, тазаладым, т.б.

Кестеге басқа да лексикалық ережелер түрін жазу керек. Кестеге жазылған сөздерден сөз тіркесі мен сөйлемдер құрулары тиіс.

Қосымша сұрақтар:

- 1) Көктем мезгілі республиканың қай аймақтарына ерте келеді?
- 2) Көктем жаршысы не?
- 3) Көктем айларына қай айлар жатады?
(Қосымша сұрақтарға жауап бере отырып, алдында құрған сөйлемдерден шағын мәтін жазады. Мәтінді оқиды, аударарды. Сосын лексикалық талдау жасайды. Кестеге жазылған сөздердің сыңарларын тауып жазады, мысал келтіреді, аударарды.

Қорытындылау сұрақтары:

- 1) Бүгінгі сабақ тақырыбы.
- 2) Сабақ тақырыбын қалай таптық?
- 3) Тақырып не туралы?
- 4) Қандай тапсырмалар орындалады?
- 5) Орындалған жұмыс түрлерін атаңыз.
- 6) Тапсырмалар мен жұмыс түрлері не үшін, қандай мақсатпен орындалды?

Үй жұмысы:

- 1) Табылған сыңарлардан сөз тіркесі мен сөйлемдер құру;
- 2) Сыныпта жазған мәтінді жаттау;
- 3) Мәтін мен үйде құраған сөйлемдерді аудару.

Бағалау: оқушылардың тапсырма мен жұмыс түрлерін орындау деңгейіне қарай бағалау.

Айнұр СУРАУОВА,
Қызылорда облысының
Қармақшы ауданындағы
№250 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР

Мақсаты: көмекші есімдер туралы білімдерін жетілдіру. **Міндеттері:** білімділік – көмекші есімдерді сөйлемдерде қолдана білу, Астана қаласы туралы айта білуге үйрету; **дамытушылық** – сөздік қорын, білімін, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін, ауызекі сөйлеу тілін дамыту; **тәрбиелік** – елге, жерге деген патриоттық сезімдерін ояту; жауапкершілікке тәрбиелеу. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсете білуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгеру. **Әдісі:** интерактивті әдіс, СТО элементтері, іздену, ой қозғау. **Формасы:** топпен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, тірек сызбалар, суреттер, ақ парақтар мен түрлі-түсті қаламдар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Амандасу;

2. Оқушыларды түгелдеу;

3. Оқу құралдарын тексеру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

«Күнтізбе», «Көрме», «Кітапхана» сөздеріне тиісті септік жалғауларын жалғап, талдау жұмыстарын жүргізу.

А.с. Күнтізбе	Көрме	Кітапхана
І.с. Күнтізбе + нің	Көрме+ нің	Кітапхана+ ның
Б.с. Күнтізбе + ге	Көрме+ ге	Кітапхана + ға
Т.с. Күнтізбе + ні	Көрме + ні	Кітапхана + ны
Ж.с. Күнтізбе + де	Көрме + де	Кітапхана + да
Ш.с. Күнтізбе + ден	Көрме+ ден	Кітапхана+ дан
К.с. Күнтізбе + мен	Көрме + мен	Кітапхана+ мен

2. Грамматикалық тақырыптардан пысықтау сұрақтары беріледі?

III. Жаңа сабақты түсіндіру.

- Заттың, нәрсенің атын білдіріп, толық мағыналы сөзбен тіркесе жұмсалатын есімдерді көмекші есімдер дейді.

- Көмекші есім тіркескен сөз ілік септігі жалғауын ашық жалғауы да мүмкін, жасырын түрде де көрінуі мүмкін.

Мысалы: үйдің маңы, үй маңы, өзеннің жағасы, өзен жағасы



Жаңа сабақты меңгеру.

- Қаланың атауы қазақ тілінен алынған. Қазақша ол сөз «елдің бас қаласы» дегенді білдіреді. «Астана» сөзі қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан. Онда ол «киелі орын», «босаға» деген мағыналарға ие.

Астана қаласының тарихы.

Астана 1830 ж. Есіл өзенінің жағасында қазақ-орыстар әскерлері негізін қалаған бекіністен бастау алады.

1862 ж. Ақмола қала мәртебесін алды.

1997 ж. Егемен Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаев Жарлығымен елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылдады.

1997 жылы Қазақстанның астанасы Ақмола болды.

1998 ж. 6 мамырда жаңа елорданың атауы Астана болып өзгертілді.

1998 ж. 10 шілде Қазақстанның жаңа елордасы — Астананың халықаралық тұсауы кесілді.

1998 ж. ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы беріліп, медальмен марапатталды. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты ұлтаралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жас қалаларына беріледі. Бразилияда өткізілген бұл сайыста Астана барлық өлшемдер бойынша әлемнің әр түрлі елдерінің он екі қаласын басып озды.

Сұрақтарға нақты жауап бер.

I топ	10	20	30	40
II топ	10	20	30	40

IV. Сабақты бекіту.

1-тапсырма. Берілген көмекші есімдерге жатыс септігінің жалғауларының тиістісін жалғап жазыңдар.

Мысалы: *Үсті – үстінде, асты, алды, арты, жаны, қасы, іші, сырты, арасы.*

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Көмекші есімдерді өзі байланыстырып тұрған зат есімдермен бірге теріп жазыңдар.

3-тапсырма. Берілген сөздерді тіркестіріп, сөйлемдер құраңдар.

4-тапсырма. Көп нүктенің орынына тиісті септік жалғауларын қойып жазыңдар.

V. Сабақты қорыту.

Инсерт кестесін толтыру.

Не білемін?	Не білдім?	Не білгім келеді?
+	+	

VI. Үй тапсырмасын беру.

1. «Астана қаласы» тақырыбында әңгіме жазу.

2. **5-тапсырма.** *Өлеңді жаттап алыңдар.*

VII. Бағалау. Оқушыларды білім деңгейіне қарай бағалау.

Орал МАҒОПАРҚЫЗЫ,
«Рудный» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Айыртау ауданы,
Новоукраинка ауылы.

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: құрмалас сөйлемнің анықтамасын жатқа білгізіп және түрлеріне нақты мысалдар келтіріп, орнықты көзқарасын қалыптастыру, басты белгілерін үйрету. **Міндеттері:** **білімділік** – құрылысын білу, құрамын ажырату, тыныс белгілерін дұрыс қойып жаза білуге үйрету; **дамытушылық** – ынта қойып тыңдау, жазу, талдау машықтарын жетілдіру, сөздік қорын, сөз байлығын көбейту және салыстыра білу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге, еңбекті сүйеге, жүйелі сөйлей білуге тәрбиелеу.

Түрі: қорыту, жинақтау. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын, Венн диаграммасы, сөздікпен жұмыс. **Көрнекіліктері:** сызба, интерактивті тақта, семантикалық карта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.

Психологиялық дайындық.

«5» болсын алар бағамыз,
Біліммен бақыт табамыз.
Өнерменен өрістеп,
Өсе берсін санамыз.

II. Үй жұмысын тексеру: «Сүйейік табиғатты, аялайық» тақырыбына шағын әңгіме жазыңдар.

III. Жаңа сабақ:

- Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – салалас құрмалас сөйлем түрлері туралы алған білімдерінді тиянақтап, пысықтау. Салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін салыстыра отырып, талдау жұмыстарын жүргізуді үйрену.

Сабақ жоспарымен таныстыру:

I бөлім – «Менің елім» (сұрақ-жауап);

II бөлім – «Білімпаздардың қалашығы» (салалас сөйлемдерге талдау жүргізу);

III бөлім – «Тапқырлар аялдамасы» (ойын – мақал-мәтелдің жалғасын табу);

IV бөлім – Тест сұрақтары;

V бөлім – Венн диаграммасы.

(Салалас құрмалас сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау).

- Балалар, бүгінгі сабағымыздың ұраны: «Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер». Осы нақыл сөздің мағынасын және сөйлем түрін айтып өтейік (жауап тыңдалады).

Ал бүгінгі сабағымыз «Білім керуені» деп аталады және сол қалыпта жүргізіледі.

«Керуен» дегеніміз – алыс жерге жүк тасу немесе сауда жасап қайтуға арналған көлік тізбегі. Өздерің қандай керуен жолын білесіңдер?

«Ұлы Жібек жолы» - ежелгі дәуір мен орта ғасырларда Шығыс пен Батысты байланыстырып тұратын, Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны қақ жарып өткен керуен жолы.

Енді, бүгінгі сабағымызға кірісейік.

I бөлім – «Менің елім». Сұрақ-жауап.

1. Сөйлемнің қандай түрлері бар?
2. Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?
3. Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды?
4. Ыңғайлас салалас дегеніміз не?
5. Елтаңбаның авторы кім?
6. Себеп-салдар салалас дегеніміз не?
7. Жай сөйлем дегеніміз не?
8. Қарсылықты салалас дегеніміз не?
9. Абайдың «Қарасөзі» қанша?
10. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?
11. Қазақтың ақын, жазушыларын ата.
12. Түсіндірмелі салалас дегеніміз не?
13. Талғаулы салалас дегеніміз не?
14. Әнұранның авторы кім?
15. Кезектес салалас дегеніміз не?

II бөлім – «Білімпаздардың қалашығы», семантикалық карта.

Мағыналық қарым-қатынасына қарай түрлері	Ыңғайлас салалас	Себеп-салдар салалас	Қарсылықты салалас	Түсіндірмелі салалас	Талғаулы салалас	Кезектес салалас
Мысалдар						
Далада жел соғып тұр, әрі сіркіреп жаңбыр жауып тұр.						
Қорыққаны сонша-орынынан тұра алмай қалды.						
Балалар бірде футбол ойнайды, бірде өзенге барып шомылады.						
Оның дауысы жақсы,бірақ ән айтуды жақтырмайды.						
Я болар жеріңді айт, я бізге килікпей тыныш жүр.						
Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды.						

III бөлім – «Тапқырлар аялдамасы» ойыны.

Шарты: мақал-мәтелдің жалғасын табу.

1. Өнеріне қарай өрнегі,
(тірлігіне қарай тірнегі).
2. Өнерлі бала – елдің көркі,
(үкілі қамыс – көлдің көркі).
3. Ұлтарактай болса да ,
(Ата қоныс жер қымбат).

4. Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, ...
(*төртеу түгел болса – төбедегі келеді*).

5. Өнерлінің қолы – алтын,
(*өлеңшінің сөзі – алтын*).

6. Екпей егін шықпас,
(*үйренбей білім жұқпас*).

IV бөлім – «Тест сұрақтары»:

1. Көктем келді, дегенмен күн жылына қоймады.

- A) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Түсіндірмелі салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;
- В) Себеп-салдар салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

2. Күн батты, тауды қара көлеңке басты.

- A) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;
- В) Түсіндірмелі салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

3. 1993 жылы 18 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Ата Заңы қабылданды, алайда ол кейін бірнеше рет толықтырылды.

- A) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;
- В) Түсіндірмелі салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

4. Мезгіл кешкіріп кетті, сондықтан амалсыз қонуға тура келді.

- A) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;
- В) Түсіндірмелі салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

5. Әйелдің жалғыз жетістігі бар, ол – дақ түспеген ары. (Ж.Баласағұни).

- A) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;
- В) Түсіндірмелі салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

6. Жүргенше қара бет боп өлген артық:

Не өлтір, не кеш-тағы қолымды шеш (Шәкәрім).

- A) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;
- В) Түсіндірмелі салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

7. Ол біресе жылайды, біресе түк болмағандай күледі.

- A) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;

- В) Түсіндірмелі салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

8. Балалар ертеңгі тамақтарын ішіп болды да, далаға қарай жүгірді.

- А) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;
- В) Түсіндірмелі салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

9. Ананың сөйлеуге шамасы келмеді, өйткені қатты қорыққан болатын.

- А) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;
- В) Түсіндірмелі салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

10. Өзі кетіп құтылды, әйтпесе өзіміз тастатқалы жүр едік.


- А) Ыңғайлас салалас;
- Ә) Себеп-салдар салалас;
- Б) Қарсылықты салалас;
- В) Түсіндірмелі салалас;
- Г) Талғаулы салалас;
- Ғ) Кезектес салалас.

Дұрыс жауаптар кілті:

Сұрақ №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Дұрыс жауап	Б	А	Б	Ә	В	Г	Ғ	А	Ә	Г

V бөлім – Венн диаграммасы.

(Салалас құрмалас сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау).



VI. Қорытынды сұрақтар.

VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: Құрмалас сөйлемдер ережесін жаттау, 3 сөйлем жазып келу.

Дария ДӘУІТҚАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№90 лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ФОНЕТИКА МЕН ОТАН

Мақсаты:	ел туралы түсініктерін молайту.
Сабақтың міндеттері:	Білімділік – жас ұрпақтың Отан туралы ойларын ауызша айта білуге дағдыландыру, фонетиканы дұрыс қолдана білуге үйрету. Дамытушылық – оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Тәрбиелік – Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.
Түрі:	Аралас сабақ.
Әдіс-тәсілдері:	Сыни тұрғыдан ойлау, оқытудағы жаңа тәсілдер – диалогтік тәсіл, оқу және оқыту үшін бағалау, талантты балаларды анықтау, жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыс.
Пәнаралық байланыс:	Орыс тілі, әдебиет, тарих, бейнелеу өнері.

Көрнекіліктер:	Суреттер, үлестірмелі материалдар, АКТ, аудиотаспа, слайд.
Формативті бағалау түрі:	Өте жақсы, жақсы, қанағаттандырарлық.

Мұғалім мен оқушының іс-әрекеттері

Уақыты:	Жұмыс түрлері:	Мұғалімнің рөлі:	Оқушының рөлі:
2 мин.	Ұйымдас-тыру кезеңі. Психоло-гиялық тренинг: Биік, биік таулары бар, Орманы бар, көлі бар. Кең даласы құлпырған, Отанымыз – Қазақстан!	Мұғалім ұнтаспадан әуен ойнатады, ынтымақ-тастық атмосфе-расын қалыптас-тырады, бағалау парағын таратады, топқа бағалау фишкалары берілетіні айтылады. - Бүгін көңіл-күйлерің қалай?	Оқушылар өлең жолдарын оқып, қимылмен жасайды, топқа бөлінеді, араларынан көшбас-шыны сайлайды.

2 мин.	Фонетикалық жаттығу. Мақал.	<p>«Отан – оттан да ыстық» - «Отан» сөзінде неше буын бар? - «оттан» сөзіне сұрақ қой. - «ыстық» сөзінің антонимі қандай?</p>	Мақалды оқып, мағынасын түсінеді, дыбыстық талдау жасайды.
2 мин.	Сұрақ-жауап жүргізу. Өткенді еске түсіру.	<p>- Далаға қарандаршы, бүгін ауа райы қандай? - Қазір жылдың қай мезгілі? - Сен қайда тұрасың? - Қазақстанның табиғаты қандай?</p>	Қойылған сұрақтарға өз ойларымен жауап береді, өткенді еске түсіреді.

		<p>- ҚР қандай мемлекет? - ҚР Президенті кім? - ҚР бас қаласы қай қала? - ҚР халқы қандай? - Үйге қандай тапсырма берілді? - Олай болса, үй тапсырмасын айтайық.</p>	
7 мин.	Үй тапсырмасын тексеру: 1. Мәтінді әңгімелеу. 2. Диалогты айтқызу. 3. Шығарманы оқытқызу.	Оқушы жауаптарын тыңдайды, жазба жұмыстарын тексереді, тиісті бағаларын қойып отырады.	Оқушылар мәтінді әңгімелейді, диалогты жұппен айтады, шығармаларын оқиды.

3 мин.	Қызығушылықты ояту. «Миға шабуыл» стратегиясы. Сөзжұмбақ шешкізу.	Әр топқа жаңа тақырыпқа байланысты сөзжұмбақ дайындалады.	Сөзжұмбақты шешіп, жаңа тақырыпты анықтайды.
2 мин.	АКТ-ны қолдану. Слайд көрсету. Суреттермен жұмыс жүргізу.	- Қазақстан – біздің Отанымыз. - Ал, балалар, Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Қазақстанда қандай ұлт диаспоралары тұрады? - Қазақстанның жері қандай? - Н.Ә. Назарбаев қай жылы Президент болып тағайындалды?	Слайдты көре отырып, қойған сұрақтарға жауап береді, суреттер арқылы сөйлемдер құрастырып айтады.

		- Қазақстанның қандай қалалары бар? - Сенің туған жерің қай жер? - Қазақстанның бас қаласы қай қала?	
5 мин.	Сөздікпен жұмыс. «Дауыстап оқу» стратегиясы.	Кіші Отан – Тұрғын үйі – Бақытты – Көршілер – Қорғау – Қажет –	Сөздерді дауыстап бірнеше рет оқып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырып айтады.
3 мин.	Айтылым әрекетін іске асыру. Мақал-мәтелдер сайысы.	Әр топқа мақал-мәтелдер айтқызылады.	Үш топ мақалдар айтып жарысады: 1. Отан отбасынан басталады. 2. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. 3. Туған жер – алтын бесік.

	Тақпақтар айтқызу.	- Ал, балалар, біз сендермен үшінші сыныпта Отан туралы қандай тақпақтар жаттап едік, есімізге түсірейік, кім айтады?	Балалар Отан туралы тақпақтарды айтады.
1 мин.	Сергіту сәті: - Ал, кәнеки, тұрайық, Алақанды соғайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.		Сергітуді қимылмен көрсетіп жасайды, сәл тынығады.

5 мин.	Мәтінмен жұмыс.	Мәтінді оқытып, аудартады, сұрақ қояды.	Мәтінді оқиды, аудартады, сұрақтарға жауап береді, қарамен берілген сөздерді буынға бөліп оқиды, буын түрлерін анықтайды.
3 мин.	Жаттығу жұмысы: 4-жаттығу.	Жаттығудың орындалғанын қадағалайды.	Жуан және жіңішке сөздерді екі бағанға бөліп жазады. Отан жер қазақ ел ата-ана кіші аула үй
4 мин.	«Кім жылдам?» ойыны. 1. Сөзден сөз құрастыру.	Әр топқа «Отаным» деп жазылған парақ таратылады.	«Отаным» сөзінен бірнеше сөздер құрастырып жазады.

	2. Адасқан әріптерден сөз құрау.	«Астана, жер, күн, Отан» сөздері жазылған плакаттарды тақтаға іліп қояды.	Адасқан әріптерден сөздерді құрап айтады.
	3. Грамматикалық тапсырма: «Кубик лақтыру» ойыны.	Үш топқа тәуелдік жалғауында жіктеуге арналған есімдіктер жазылған кубиктер лақтырады. Берілген сөздер: Отан, жер, ел.	Кубикті қағып алған оқушы сол есімдікті берілген сөзбен тәуелдік жалғауын жалғап айтады. Мысалы: Менің жерім, сенің жерің, сіздің жеріңіз, оның жері.
	Жаңылт-паш қайталау.	Ұзақ ұзаққа ұшты. Ұзақ тұзаққа түсті.	Жаңылт-пашты жылдам қайталайды.

2 мин.	Сабақты қорыту: «Кім тапқыр?» ойыны.	Топтық жұмысқа қажетті құралдарды таратады, бағыт-бағдар береді: - Отан деген не? - Қандай адам бақытты? -Қазақстан Республикасы кімдердің Отаны?	Плакатта берілген сызбаны, ретімен толтырады, тақтаға іліп, сөйлемдерін оқиды.
1 мин.	Бағалау.	Қорытынды бағасын қояды.	Топ басшысы бағалау парағын мұғалімге береді.
1 мин.	Үй тапсырмасы.	1. Мәтінді әңгімелеу, сөздерді жаттау. 2. 5-жаттығу, 34-бет.	Оқушылар үй тапсырмасын күнделікке жазады.

Гүлнара ЖАХАЕВА,
Павлодар қаласының
№36 жалпы орта білім беру
мектебінің қазақ тілі
пәнінің мұғалімі.

ФАКУЛЬТАТИВ САБАҚТАР

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында:

«Білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететін факторларға PISA көшбасшы елдері оқушыларды мектептен тыс сабақтармен қамтуды жатқызады.

Жалпы білім беретін мектептегі және мектептен тыс ұйымдардағы әр түрлі бағыттағы үйірмелер, секциялар желісін кеңейту есебінен балаларды қосымша білім берумен қамту ұлғайтылады» делінген. [1,1].

Қоғамның әлеуметтік дамуы арқасында мемлекеттік тілді оқытуға жоғары мән беру мәселесі күннен-күнге артуда. Сондықтан қазақ тілінен білім берудің негізгі мақсаты – оқушының жеке тұлғалық дамуын, қазақ тілінде мәдениетаралық коммуникацияға қабілеттері мен қызығушылық-

1 мин.	Сабақты «Атамекен» әнімен аяқтау.	Үнтаспадан ән қояды.	Әнді айтады.
1 мин.	Рефлексия: Отаным менің – кең-байтақ Қазақстан, Аман өткен талай дүлей азаптан. Бар әлемді өз ауызына қаратқан, Кім бар, қане, артық дейтін қазақтан?!	- Не білдік? - Не түсініксіз? - Не ұнады?	Сабақтан алған әсерлерін стикерлерге жазып, тиісті смайликтерге жапсырады.

тарын және білімді өздігінен игеруді жетілдіру іс-әрекеттеріне даярлықтарын дамыту.

Орыс тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің 5-11-сыныптарында «Қазақ әдебиеті» пәні қазақ тілінде оқытылады, сондықтан тіл дамыту мақсатында факультативті сабақтар ұйымдастыруға болады.

Мақсат – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай туғызу, яғни, балалар әдебиеті үлгілері негізінде мәнерлеп оқуға үйрету. Аталған мақсатқа жету үшін келесі нақты міндеттерді шешіп алу көзделді:

1. Балалар әдебиеті үлгілерімен танысады;
2. Сөз мәнерін, техникасын меңгеру арқылы мәнерлеп оқу мәдениетін қалыптастырады;
3. Іздендіру жұмыстарын орындап, сахналық өнерлерін көрсетеді.

Дереккөздер: Есентай Ерботин, Мұзафар Өлімбаев шығармалары (Жыл сайын Бұқар жырау атындағы Павлодар облыстық әдебиет және өнер мұражайы «Есентай Ерботин оқуларын» өткізеді).

Күтілетін нәтиже:

- мектепшілік шараларға қатысып, сахналық өнер көрсету;
- конкурстармен оқуларға қатысып, жүлделі орын алу.

1-сабақ.

Есентай Ерботин
(1940-1993)

Есентай Ерботин 1940 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған.

Ақын балаларға арнап көптеген өлеңдер жазған, «Өрнек», «Өнеге», «Балалар бала болғанда» өлеңдер жинағының авторы.

1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.
Ауылға келе жатырмын

Әжем туған ауылға,
Әкем туған ауылға
Тұңғыш келе жатырмын.

Туыстарды мұндағы
Көрген жоқпын туғалы,
Тұңғыш келе жатырмын.

Қандай ауыл алдымда,
Неңдей қызық бар мұнда?
Тұңғыш келе жатырмын.

2-тапсырма. Сіздің ата-анаңыз қайда туған? Сіз ауылға барасыз ба? Ауыл туралы ән білесіз бе?

2-сабақ.

1-тапсырма. Рөлдерге бөліп оқындар.

**Бекіремін, Бекіремін,
Суда шоршып секіремін.**

Атым таудай Таутанмын,
Тұңғиыққа тартармын.
Қармағыңа ілікпей
Талай рет жалтардым.

- «Ақ шабақ-ау, ақ шабақ,
Қармағымды қап, шабақ!» -
Деп әндетіп жағада
Отырсың-ау қақсап-ақ.

Табанбалық мен едім,
Жаман балық демегін,
Мақтағанды, әрине,
Мен де жақсы көремін.

Алабұға боламын,
Ауға келмес жолағым.
Айлаңды да түсіндім.
Бола алмаймын «қонағың».

Жұртқа мәлім шортанмын,
Неменеден қорқамын?!
Қорқа берсін басқалар,
Маған кімің бас салар?!

Үміттеніп сазаннан,
Тұрып алып азаннан
Қармақ салған екенсің,
Әуреледің бекер шын.

Мен әйгілі Жайынмын,
Жәйбарақат жайылдым.
Шортанды да шошытып,
Шайқасуға дайынмын!

Көпке таныс Лақамын,
Балдыр дәмін татамын.
Тұңғиықты кеземін,
Неге келдің? Сеземін.

Менің атым – Аққайран,
Шыға келдім, тап, қайдан?
Отырсың сен жағада,
Басты шайқап, боп қайран.

Мен боламын – Көксерке,
Жылтылдаған шоқ серке.
Өзен, көлдің сәнімін,
Бұлтылдаған тоқ серке.

Олай сілтеп қармақты,
Бұлай сілтеп қармақты,
Әуреленіп Әуелбек,
Балықты ұстай алмапты.

3-сабақ.

2-тапсырма. Ұйқастарды мәнерлеп оқыңыз.

Қызық ұйқастар

«Демалысқа кетпен», -
Дейді өткір Кетпен.

Жеміс берсін десең бақ,
Жалықпай сен күтіп бақ.

«Етікшінің дәйім біз
Қолындамыз», - дейді біз.

Кеспеңді кесе берші,
Көжеге Кесе берші.

Ағасына інісі еріп келеді,
Балмұздағы қолдағы еріп келеді.

Жаза алмаса шығарма,
Жазушы одан шығар ма?

Қуратпай жерді, тамыз,
Көктен тамшы тамыз.

Сусыз жер де шөлдейді,
Сусыз адам шөлдейді.

«Көтеріңдер қазан,
Келдім» – дейді қазан.

Қозы, лақты «төл» дейді,
Көктемде мал төлдейді.

Таба алмай сандалды,
Жаңғалақ көп сандалды.

Қорқақ жауда жоқ қайран,
Болған іске ер қайран!

4-сабақ.

1-тапсырма. Жаңылтпаштарды жылдам әрі
мәнерлеп оқыңыз.

Жаңылтпаштар

Шұғылдандым, шынықтым,
Спорт сырын шын ұқтым.

Қайраңдап кит тұр,
Қайран қап ит тұр.

Алма ағашының жемісі ұнайды,
Арша ағашының иісі ұнайды.

Шақпақ қантты,	Досжан досқа
Ұсақтап қойдым.	Бармақшы едім.
Саған шақтап,	Достан тоспа
Сақтап қойдым.	Алмақшы едім.

Жиекте шиі өсіпті,
Шиі қасына ши өсіпті,
Бірақ шиі жиі өсіпті.

Ысқырдым кеп, ысқырдым,
Ысқырығым жеткендей
Ар жағына үш қырдың.

1-сабақ.

Мұзафар Әлімбаев

Қазақстан Республикасының халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, акын, аудармашы
Мұзафар Әлімбаев – балалар әдебиетін дамытуда

үлкен еңбек етіп жүрген абыз шайыр. Оның көптеген өлеңдері мектеп оқулықтарына енген.

1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

Туған жерім тамаша!
О, алақай, туған жер!
Жақсы-ау орман-бауларың!
Көзге ыстық көрінер
Сенің асқар тауларың,
Сенің асқар тауларың!

Туған жердің жырларын
Қызғалдақтай терейік.
Кең өлкенің қырларын,
Жүр, аралап көрейік,
Жүр, аралап көрейік!

2-тапсырма. Отан туралы өзіңізге ұнайтын өлеңді мәнерлеп оқыңыз немесе бір әнді шырқаңыздар.

3-тапсырма. Өлең-сөздікті толықтырыңыз.

Учиться – (оқу),	Известный – (мәлім),
Освоить – (тоқу).	Наставление – (тәлім).
Учение – (ілім),	
Знание – (білім).	
Устно – (ауызша),	Родник – (бұлақ),
Письменно – (жазбаша).	Ухо – (құлақ).

2-сабақ.

1-тапсырма. Өлеңді түсініп оқыңыз.

Не жомарт? Кім жомарт?

Жер – жомарт,
Адамзатты асыраған!

Ұстаз – жомарт,
Бар балаға тәлім берген!

Күн – жомарт,
Жерге нұры шашыраған!

Батыр – жомарт,
Халық үшін жанын берген!

2-тапсырма. Мен кімді «Жомарт» деп есептеймін.

Ұйқасын тап

Өзінде жоқ салмақ,	Шықсаң күзде қырға,
Дала кезер қ.....қ.	Көресің көп тырна.

Келсе жайнап жаз,	Жылдың басы – қ.....р.
Көлде жүзер қ...з.	Аяз, боранын қаңтар.

Күн мен гүлді салам,	Қыс түссе, атам
Қолыма алып қ....м.	Киеді жылы ш....н.

Керекті сөздер: қалам, шапан, қаңбақ, қаз, қаңтар, тырна, шаян.

3-сабақ

Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайына бару.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Е.Ерботин. Далаға саяхат. А., 1991.
3. М.Әлімбаев. Қазақша-орысша өлең-сөздік. А., 2002.



Гүлжан ЛЕКЕРОВА,
Ақмола облысының
Степногорск қаласындағы
дарынды балаларға арналған
№4 облыстық мамандандырылған
«Болашақ» мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

БАБАЛАР АРМАНЫ

*(«Жаужүрек мың бала» фильмінің
сюжеті негізінде)*

Мақсаты: оқушыларға өткенсіз болашақ болмайтынын ұғындыру, Қазақстан тәуелсіздігі үшін күрескен адамдарға құрметпен қарауға, ұлтжандылыққа, батылдыққа, туған елін, жерін сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.

Керекті құрал-жабдықтар: киіз үйдің макеті, қару-жарақтар, Алтын адам бейнесі және т.б.

Іс-шараның барысы: баяу күй орындалады.

Оқушы:

- Қазақтың елі ежелден
Тарихқа куә боп келеді.
Тас, қола, темір дәуірдің
Мәдениеті орнаған ел еді.

Ержүрек біздің бабалар
Тасқа да жазу жазыпты.
Білмей кеппіз біз бәрін...
Тарих сыны қазаққа
Осыменен бітпеді...

Пролог – «Ата-бабалардың арманы» (сахнада оқушылар қолдарына көне замандағы петроглифтерді ұстап шығып, көрініс көрсетеді).

Көрініс: «Ана мен бала».

Анасы (әндетіп):

- Күнім болып тудың ба,
Гүлім болып тудың ба,
Ана жолын қудың ба,
Әке жолын қудың ба?
Бұл дүниеге келген соң
Сұрауы бар судың да.

Ана:

- Балам, тұра ғой көзіңді аш. «Атаңның ұлы болма, адамның ұлы бол».

Бала:

- О, не деп тұрғаның?

Ана:

- Ер жігіт көлді қотарып, тауды қопарып тастамағанмен, жұрттың жағдайын жақсарту үшін қарлығаштың қанатымен су сепкендей сеп бола алса, тамшының тасты тескені емес пе?

Бала:

- Анашым, Сіздің ақ сүтіңізді ақтау үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын. Мен сізді өмір бойы қанатыма мінгізіп, алып жүремін. Дүниенің

төрт бұрышын түгел аралатамын, таңғажайып тамашаларды көрсетемін.

Ана:

- Құлыным, өтірік қанша тәтті болса да, саған ащы ақиқатты ақтармасқа амалым жоқ.

Әлем тарихында ең ұзаққа созылған жойқын ұрыс – қазақ пен жоңғар соғысы. Жоңғардың қалың қолы қазақ ауылдарына қалаған кезінде ойран салған. Осыдан үш ғасыр бұрын 17 жастағы Сартай мен 13 жастағы Жылқаман мың баладан топ ұйымдастырып, жоңғарларға қарсы соғысқа аттанады. Жас балалар басқыншыларға қарсы жан аямай күрескен қазақ сарбаздарына үлкен көмек көрсетеді. Олардың соғысқа мінетін аттарын баптайды, қару-жарақтарын қайрайды. Әскери тапсырмаларды орындап, барлау жұмыстарын жүргізеді. Бес жылдан кейін елге оралған Жылқайдар, Жылқаман, Толыбай, Төркінбай атақты батырлар санатына қосылды. Жоңғарлармен айқаста, әйгілі әскербасы Әбілхайыр ханның қол астында мың бала ұрандап, майданға кірісіп кетеді. Алғашқы қақтығыста-ақ мың баланың бес жүзі шейіт болды. Елі үшін жанын қиған өздеріне Жаратқан берсін иман.

(«Жаужүрек мың бала» фильмінен үзінді)

Седые преданья хранят времена –
Джунгарских набегов несметны лавины.
В казахской степи полыхает война
И стонет земля, и пустеют долины.

Враг хлынет, будто двойной поток,
Стрела вонзится иглою в бок,

Забьется кровь, как полыни пучок,
Прольется кровь, как речная вода,
В степи ковыльной, сражаясь тогда,
Жизни батыр не жалеет!

Но час наступил и рассеялся мрак,
И новое солнце взошло над степями –
Восстал для возмездия гордый казах
И поднял свое окрыленное знамя!

В тиши, в уединении лугов,
Я слышу отзвук жизни дальней.
Звенит кобыз – наследие отцов,
Волнует кровь своим звучаньем
Здесь мудрый страж Коркыт-ата.

Слагал волнующие гимны
Про жизнь батыров, подвиги сынов
И воспевал полет орлиный
И легкий трепет струн Курмангазы
Доносит ветер вольных странствий.

Аксак кулана долгий бег,
Как миг звезды упавшей яркой.
И мчится конь, его не остановишь,
Развевал гриву яростным ветрам.
О, степь моя, каких еще батыров
Подаришь ты грядущим временам?

«Елім-ай» әні орындалады.

Ана:

- Балам, тыңдашы. Ертеде бір кедей ауылында ақылды, парасатты, арманшыл, үлкен күштің иесі – батыр өмір сүріпті. Ол – жас, өлең айтатын, ешқандай қорқуды білмейтін еді. Өсе келе айналасындағы кедейшілікті, халықтың көз жасын, қайғысын көріп, шығыстан және оңтүстіктен ауылға жоңғарлар қысым жасағанына куә болған. Осындай келеңсіз жағдайларға өкпелеп жас батыр ауылдан кетіп, өз бақытын табуға бел буады.

Бала:

- Ау, анашым, қазақ жері ұлан-ғайыр деп өзіңіз айтқан жоқсыз ба? Сонда ол жігіт қайда жол тартты. Не істеді?

Анасы:

- Тыңда, балам, жолда батыр, өзге елдің бірнеше әскерлерін жолықтырады. Олар бақытқа жету үшін, жердің түбіне жалғыз бару керек емес, қасында жора-жолдас болу керек,- деп айтты.

Бала:

- Иә, мен сізбен келісемін. Сіз маған мынаны айтып беріңізші. Егер жолдастарыңмен күш біріктіріп, елімізді-жерімізді қорғасақ, сонда ғана бақытты өмір сүре аламыз ба?

Анасы:

- Егер алдыңнан дұшпанның үлкен әскері кездесе, жалғыз өзің ештеңе бітіре алмайсың.

Бала:

- Түсіндім. Сонда қанша батыр болса да, жалғыз жолға шығуға болмайды.

(Көрініс «Жүздердің бірігуі»)

Қазыбек:

- Қандауыз жоңғар қазағымды құл қылғысы келеді. Қызымды басыбайлы күң, ұлымды мұрыны тесілген құл қылмақ. Қайран қазақтың халі өте нашар. Тығырықтан шығатын жол қайсы, ағалар, әлде сол құлдық қамытын кигеніміз бе?

Отырғандар:

- Жоқ, жоқ. Құдай сақтасын.

Бөгенбай:

- Берекесі жоқ елдің бірлігі жоқ. Босқа қырылғанша, алдымен бір бітімге келу керек.

Отырғандар:

- Қайдағы, қайдағы?..

Бөгенбай:

- Қылша мойының талса деп, иілген басты қылыш кесе қоймас. Жұртымыз аз болғанмен, жеріміз көп. Ығысып ойратқа да орын берейік.

Отырғандар:

- Қайдағы?

Әйтеке:

- Әй, мынау не деп тұр өзі?

- Бүгінгі дұшпан ел болмас,

Етегін кесіп, жем болмас.

Бүгін туған топырағыңды сатсаң, ертең не істемекшісің?

Бөгенбай:

- Басынды бәйгеге тігіп, суырып шығар кіміміз бар? Оны да ойлаңдар. Ертең осы күйімізге зар болып қалмайық.

Қазыбек:

- Қазақтың туын жыққан жоңғар емес, мына сендерсіңдер.

Әбілқайыр:

- Уа, жамағат. Бір шешімге келейік.

«Ту көтерерің жоқ деме, түңілме. Тек ұлы мұрат жолында бір жұдырық болып жұмылсақ, тек сонда ғана ақ таң жадырап алдымыздан атар.

Төле би:

- Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді. Тұрған жерін тұрақтаған, тұғыры биік ел едік, іргемізді ірітпей, бір жеңнен қол шығарып, атам қазақтың елдігін сақтап қалар кез келді. Бүгіннен бастап, қазақ қолының бас сардары – Әбілхайыр хан болады.

Отырғандар:

- Әбілқайырды қолдайық.

Төле би:

- Оң қолы Қанжығалы Бөгенбай болсын!

Отырғандар:

- Дұрыс, дұрыс.

- Ал, бата беріңіз.

Қазыбек би:

- Алашқа Алла жар болсын,

Ауызбірлігіміз жарассын! Әумин!

Ән. «Батырлар туралы».**Би. «Қазақ биі».****Ана:**

- Балам, жаным! Жан-жағыңа көзіңді ашып тағы бір қарашы! Анау таудың бауыры – сенің әкеңнің асық ойнаған жері. Анау аспан – сенің ата-бабаңның аспаны.

Оқушы:

- Осы көлдің жағасы еді-ау, балалық шағымның өткені.

Анасы:

- Әлі есімде, бір күні суға кетіп қала жаздап, аман шыққаның.

Оқушы:

- Жат елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол... Адам түгілі, жылқы да өз өрісін аңсайды.

Оқушы:

- Домбыраң қайда, домбыраң?... О, кіндік қаны тамған қасиетті топыраққа не жетсін!.. Ішер суынды арамдама, шомылар көліңді лайлама.

Домбыра. «Күй».

Қазақстан – ұшы-қиырсыз кең-байтақ ел. Бүгінде елімізде өзен-көлдерді бойлай көптеген жаңа қалалар бой көтерген. Олардың біразы ескі шаһарлардың маңына немесе тура солардың үстіне салынған. Осылайша кешегіміз бүгінгі күнмен сабақтасып жатыр.

Қазақстанның бүгінгісін, оның егемендікке қол жеткізгендігін тану мүмкін емес.

(Музыка ойнап, аяғын ақырын басып Ана шығады. Орындыққа келіп, демалып отырады. Осы кезде жүгіріп баласы шығады).

Баласы:

- Ана, не ойлап отырсыз?

Анасы:

- Әй, балам, анаң не ойламайды дейсің! Сенің болашағыңды ойлаймын. Еліміздің болашағы жайлы, өткен өмір жайлы ойлаймын, қуанамын!

Баласы:

- Ана, өткен өмір мен болашақ өмірдің қандай байланысы бар?

Анасы:

- Е, шырағым, «өткен өмір» деген сонау ежелгі бабаларымыздан бергі өткен өмір жолы, тарихы емес пе? Ал өткенсіз болашақ қандай болмақ?

Болмаса да оқыған тарихты анаң,

Жинадым ескілерден тарих хатын.

Мақсатым – кейінгі ұрпақ ұмытпаса

Айтылған аталардың аманатын.

Сондықтан, балам, сен де өз тарихыңды, жеті атаңды білуге тиіссің. Сонау ерте кезде біздің ата-бабаларымыз 29 қазақ руының басын қосып, халық болып қалыптасуының негізі болған.

Баласы:

– Менің елім – Қазақстан. Бұл – әрбір дала перзенінің (кәрісі бар, жасы бар) көкірегінде мақтанышпен айтатын сөзі.

Құс ұясыз,

Жыртқыш інсіз болмайды.

Отансыз жан өмірінде оңбайды,

Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды.

Отаны жоқ адамдар – нағыз бақытсыз жан екен. Ал біз – қазақ халқы нағыз бақ қонған халықпыз деп шаттана айта аламыз.

Оқушы:

- Қазақстан – туған өлкем,

Жер көп пе сендей көркем?!

Көрсін деп күллі әлемге,

Жалауыңды желге желпем.

Менде сөйлер сөз болса –

Өзің берген сөзің ғой!

Менде көрер көз болса –

Өзің берген көзің ғой!

Шаттық құшқан шеруде,

Күйді өткерген өзің ғой!

Қиындықты жеңуге

Үйреткен де өзің ғой!

Толқығанда сезім-ой,

Әппақ арым, тілегім.

Туған елім өзің ғой –

Арка сүйер тірегім!

Ақ бесік, ақ отау мәңгілік,

Жасай бер жаңарып, жаңғырып.

Достық пен ынтымақ мекені,

Гүлденер халқымның ертеңі.

Жасай бер, жері бай,

Егемен елім-ай!

Жасай бер, жері бай,

Тәуелсіз елім-ай!

Ән. «Жаңа ғасыр, жаңа Қазақстан».

Гульназ ТУРСЫНОВА,
учитель казахского языка и
литературы лицея №90.
г.Алматы.

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН – ОДНА СТРАНА, ОДНА ЗЕМЛЯ, ОДНА СУДЬБА

(6-класс)

Цель: воспитание свободной личности, гражданина – патриота.

Задачи: Способствовать получению и расширению знаний о Родине, развивать стремление к знаниям национальной культуры, истории, воспитать чувства патриотизма, бережное отношение к историческому, культурному наследию народов Казахстана, формировать понимание ценностей демократического общества и важнейших качеств личности: гражданской позиции, толерантности, патриотизма.

Ход классного часа:

Вступительное слово учителя:

- Казахстан мой! Необъятные края...
Алатау и просторные поля,
Речки горные с прозрачною водой,
Колосок пшеницы золотой.
Гор, садов, полей твоих дары,
Под напевы мелодичной домбры.
Я люблю твой солнечный закат,
Спелых яблок нежных аромат
И орла стремительный полет,
Песню ветра ту, что в степи он несет.
Казахстан мой! Необъятные края...
Всей душой люблю тебя я!

- Здравствуйте, ребята. Я начала свое выступление со стихотворения о Родине, потому что мы сегодня поговорим о нашей Республике. Обратите внимание на название темы классного часа. Сегодня мы вспомним не только историю нашего края, но и задумаемся о будущем.

Исполнение гимна Республики Казахстан.

- Наш классный час пройдет в три этапа, где вас ждут увлекательные задания, фильм о нашей Родине и ваша творческая фантазия.

Первый этап.

- На первом этапе я попрошу вас сыграть со мной в одну игру. Перед вами геометрические фигуры. Выберите понравившуюся вам фигуру (Учащиеся выбирают фигуру и по фигуре выбирают место в группе).

Второе задание первого этапа называется: «Из истории нашей страны...» Я предлагаю вам за короткое время ответить на мои вопросы:

Назовите символы РК.

(Герб, флаг, гимн).

Что означает шанырак на гербе?

(Общий дом, очаг).

Назовите авторов Гимна РК.

(Н.Назарбаев, Ш.Калдаяков, Ж.Нажимеденов).

Какие пословицы вы знаете о Родине?

(Родина – мать народу, народ – мать джигиту.

Родная земля – золотая колыбель, и т.д.).

Знаете ли вы когда прозвучал впервые Гимн РК (15.12.1992 г. во Дворце Республики в г.Алматы).

Какие достопримечательности находятся в Астане? (Байтерек, Дворец мира и согласия, Этно-мемориальный комплекс «Атамекен», развлекательный комплекс «Думан», стадион «Астана – арена» и т.д.).

Почему г.Алматы называют культурным центром? (южная столица, много театров, учебных заведений и т.д.)

Второй этап.

- На втором этапе нашего классного часа я предлагаю вам посмотреть краткий фильм о нашей необъятной Родине. (Учащиеся смотрят фильм и делятся мыслями об увиденном.) **(Интерактивное обучение).**

После просмотра учитель предлагает учащимся составить кластер о Родине. **(мозговой штурм).**

– Ребята, чем мы гордимся называя слово «Казахстан»? Какие казахские традиции вы знаете? В истории Казахстана какие знаменитые ханы и бии возглавляли государство? Какие поэты и писатели прославили нашу Родину?

Третий этап.

Критическое мышление учащихся.

– Ребята, вы не зря сидите группами и не просто так перед вами флипчарт и необходимые принадлежности. Давайте задумаемся о будущем нашего государства. Каким вы хотите видеть наш Казахстан? Помните именно вы – будущее нашей Республики. (Учащиеся в течении 5-6 минут работают с флипчартами, затем выходят к доске и защищают свой проект).

Итог классного часа:

Республика! Ерікті ел – Қазақстан!

Келді ақыры көп күткен жаз алыстан!

Келді алыстан аңсатып, армандатып,

Алдымыздан бақытты таңдар атып!

Родина моя! Родная степь!

Пусть горит над миром образ твой,

Флаг казахский и казахский герб!

- Ребята, завершая наш классный час, хотелось бы напомнить о том, что Республика Казахстан не просто наша территория где мы проживаем, но и наша единая судьба связывающая нас друг с другом как одна семья. До свидания!

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы №1402-Ж Куәлігі берілген.

Басауға 28.02.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1240. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№3, 2014 ж., 144 бет, Алматы.